

ЕСЛЭМ
ЗІКІБАЕВ

АҚ ҚАЙНАР



ЕСЛӘМ
ЗІКІБАЕВ

АҚ ҚАЙНАР



өлеңдер, баллада мен толғаулар

«ЖАЛЫН» БАСПАСЫ
Алматы — 1979



ҚАНЫМДА ЖҮР

Бұрын Есіл бойына келіп пе едің,
Қарақатын, жидегін...
Теріп пе едің.
Көріп пе едің гүлдерін алаулаған.
Мен бұл жерде шалғынға сан аунағам.

Бұл жер менің тұғырым —
Ұшарымда,
Бұл жер — менің сағынып құшарым да.
Елтіп жүріп тыңдағам құс әнін де
Еркін жүріп табиғат құшагында.

Өтер уақыт —
Қарттық боп жетер заман,
Келе алмасам,
Кінә артпа бекер маған.
Сәттерімде дамылдаپ көз Ілмеген

**Қайда жүрсем,
Біргемін өзіменен.**

**Оранғаны сияқты сағымға қыр —
Шабыт бұып,
Шалқыған шағымда бұл
Сенің барлық суретің жадымда жүр,
Сенің барлық құдіретің қанымда жүр,
Қанымда жүр,
Жалындал жанымда жүр.**



АҚ ҚАЙНАР

Көктемеде бусанып,
Дала түлеп —
Тіршілікке қосқандай жаңа тілек.
Бөленгенде Ақтөбе аппақ нұрға
Бала біткен шұбырып баратын ек.

Баратын ек,
Даланы сәнгे бөлеп,
Салатын ек —
Қосылып әнгे де ерек.
Тобымызға біздердің ілескендей
Ұшатұғын қызыл,
көк,
сары көбелек...

Тапқандай-ақ табиғат жарасымын —
Шығаратын «сандықтан» бар асылын.
Аққу,
Қаздар...

Ұшатын тізбектеліп,
Жеткізгендей көктемгі дала сырын.

Шығыс жақта —
Беткейді құламағып
Ақтөбенің басынан бұлақ ағып
Жататын да,
Біз сол бір сұлулылыққа
Қарайтынбыз көз алмай тұра қалып.

**Ақ қайнар деп атайдын,
Ғажап еді —
Тебірентердей жаңыңды сазы әдемі.
Ақ қайнардың жаз болса төңірелі
Тарқамайтын шаттықтың базары еді.**

**Базары еді —
Жоқ бір де артық-кемі,
Ақын-шабыт кетердей шалқып, тегі.
Елге барсам,
Ақ қайнар әлі күнгे
Тұратындағы өзіне тартып мені.**

**Көрген адам қалардай таң-тамаша
Қасиетті жер бүл да бір Арқада аса.
Мен ойлаймын:
Шіркін-ай Ақ қайнардай
Өмір бойы базарым тарқамаса!**



УАҚЫТ СӨЙЛЕЙДІ

Уақыт сөйлейді —

Кешегі өткен күндерден сыр ақтарып,
Көп жайды бара жатқан жырақ қалып
Көз алдыңа қайтадан әкеледі,
Дегендей-ақ:

Басқадан сұратпалық,

Уақыт сөйлейді сыр ақтарып.

Уақыт сөйлейді —

Тірліктен бір ұтылып,
бір ұтамыз —
Сейтіп жүріп өткенді ұмытамыз,
Мәз болып азды-көпті жұбанышқа
Жүректі алданышпен жылтытамыз,
Пендеңіз ғой —
Бәрін тез ұмытамыз.

Уақыт сөйлейді —

Талай сырды ұқтырып бәрімізге
Жасымызға,
Жасамыс-кәрімізге...
Сол күндердің сабагын түсінбеген
Тогышарлар бар ғой деп әлі бізде.

Уақыт сөйлейді —

Көктемдеңі гүл болып дала тұнған,
Қуанышқа,
Бақытқа жаратылған.

**Зұлымдыққа оқ болып атылардай —
Күрес болып ажалға ара тұрған.**

Уақыт сөйлейді —
Желегі ашылмаған жар атынан,
Әкесін көре алмаған бала атынан,
Жалғызын ұзақ жолға шығарып сап,
Әлі де күтіп жүрген ана атынан
Уәқыт сөйлейді —
Шейіт кеткен ерлердің рухы бол,
Өзі өлсे де,
Еліне ара тұрған,
Мәңгі өлмес Батырлардың ары атынан

Бүгінге,
Болашаққа күнде алаңдай —
Мен соларды боламын тыңдағандай.
Өйткені кәрі тарих — шежіреш!
Бақытты,
Бостандықты жырлағандай.

Уақыт сөйлейді —
Ту көтеріп Достықты,
Қолдап Арды,
Жақсылыққа жұмса деп қолда барды
Шақырады ақ жүрек Адамдарды
Құртуға қара жүрек бомбаларды.

Уақыт сөйлейді —
Ар атымен жауызды жазалайды,
Жетіп жатыр онсыз да аза, қайғы...

**Бүгіндерде «нейтрон» деген пәлең
Жер-ананың жүргөгін мазалайды.**

**Уақыт сөйлейді —
Тоқтаңдар,
Тоқтатыңдар алапатты,
Жұмыр Жер онсыз да әлі жарақатты,
Жауыздықтың өзіне бағыттаңдар
Адамзатқа келетін бар апатты!**



ҰЛЫ СӨЗ

Елдік жайлы,
Ерлік жайлы толғасам,
Кеңдік жайлы,
Теңдік жайлы толғасам,
Бақыт жайлы,
Уақыт жайлы толғасам,
Компартиям:
Сен тұрасың ойымда,
Сенде Елдің қуанышы,
Тойы да...
Кейде тіпті соның бәрі бекердей —
Ұлы бастау
Егер өзің болмасаң.

Қияп құшсам,
Қиянға ұшсам —
Тұғырым,
Ақ сөзімдей,
Пәк сезімдей тұнығым.
Сенсің менің арманымдай кең арна —
Әмір бойы жетелейтін мені алға
Салыңдамын деген асқақ бір ұғым.

Құлазыған қу даланы теріммен
Сусыннаттым.
Шөлі қансын дедім мен.
Табиғаттың тас емшегін идірген
Құдіретімді әлем көріп алсын дедім мен.

**Диқан болып,
Дән толқыттым қырларда,
Ақ бидаймен кемерленді күллі арна.
Өр еңбегім өріс болды жырларға,
Табысымды табыстадым мыңдарға,
Үкіметке мұше болдым ел сенген —
Ізім қалды миллиардпен өлшенген
Тұрен тимей тұсыраған тыңдарда.**

**Құрлысшы бол,
Сәнді сарай өрдім мен,
Қыныны да,
Қызығын да көрдім мен.
Ұақыт ортақ,
Бақыт ортақ,
Байлық та...
Бәрін бірдей достарыммен бөлдім мен.**

**Бөлдім бірге еңбегімнің ырысын,
Ортақ мерей —
Менің тірлік — тынысым.
Ар туындаі айбынды сез,
Ұлы сез!
«Бірі — Бәрі,
Деген — Бәрі — бірі үшін!»**



ЖЕҢІС КҮНІ

(Баллада)

**Бала едім —
Сейтсе-дағы бәрі есімде,
Сол жылғы Майдың торғын таңы есімде.
Соғыс бітті,
Еіз жеңдік,
Жау жеңілді...
Деген хабар тараған сәресіде.**

**Бәрі есімде —
Сол көктемнің айрықша тымық таңын,
Отыз бір жыл өтсе де,
 Ұмытпадым!**
**Қанды егесте сынға сап Ұлы елімді,
Төрт қаңтарда мұздаған жүрегімді,
Төрт секундте Жеңіс кеп жылышқанын.**

**Етек жауып,
Мен, сірә, ес білгелі —
Құлагыма мұндай сөз естілмеді.
Көз алдында әлі түр —
 Нақ сол күнгі
Ауылдағы бар жанның кескіндері,**

**Жылап жүрді —
Бәрі де күліп жүрді,
Жақсы сөзге құлағын түріп жүрді,**

**Бірақ соның көбісі ардағының,
Оралмасын мәңгілік біліп жүрді —
Көңілдерде сан қылы құдік жүрді.**

**Сел соғып —
Жоғалтқандай көл арнасын
Төгілген шарасына толар ма шын.
Көп ана біліп жүрді боздағының
Бауырына енді қайтіп оралмасын.**

**Таңдарда өзіне-өзі зәре бермей —
Қай жақтан келеді деп пәле нендей.
Көп әке тұн баласы дәңбекшиді,
Теңселген жел өтінде кәрі емендей!**

**Беу, ғұмыр —
Көп түйіні шешілмеген,
Қоңсы кеп қонармысың кесірменен.
Жылуын сезбей жатып жұп өмірдің,
Көп ару ат жамылды жесір деген.**

**Иә, соның бәрі де,
бәрі есімде...
[Қаршадай бол қарай көр, пәлесін де].**

**Ұзақ күткен Жеңістің —
Күллі ауылды
Қуантып... Жылатқаны әлі есімде.**

**Әр үйден сүйіншіге сыйбаға алыш:
«Жеңіс!» — деп айқай салдық тұра қалып.**

**Ертеңін ойламаған сәби сезім —
Сол күні тек балалар жыламадық.**

**Қызыққа қойып кетер қызба нағыз —
Қайғысыз,
Қамсыз,
Мұңсыз — біз ғанамыз.
Әз жүрек әжелердің жоралғысын
Біріміз бәрімізден қызғанамыз.**

**Қуаныш —
Көктен түскен жасындай-ды
Қалайша балғын көңіл тасынбайды.
Бір үйді бір үйменен жалғастырып
Уралаған даусымыз басылмайды.**

**Бұзбаса өткен күннің шырқын елес,
Оралып жүректерге жыр түнемес.
Балалық баса алмаған әлі аптығын,
Сол күннің айырықша бір ағаттығын,
Ұмытқам жоқ —
Ұмыту мүмкін емес.**

**Соғыс төрт жыл қинаған кіріптар ғып.
Бүгін қайта маздады үміт барлық.
«Жеңіс», — деген бір сөзді жалаулатып
Үш-төрт бала шеткі үйге кіріп бардық.**

**Кіріп бардық ақшамда ұран салып,
Кейбіреулер шаттықтан жүр ән салып.**

**Оғаш деген бұларың бір адам жоқ
Осы күнді өйткені шын аңсадық.**

**Ол үйде бір қарт ана тұратұғын —
Өмір бойы таппаған сірә тыным.
Ақ әже деп атайдын елдің бәрі
Білмейтін-ді туысы,
жұраты кім.**

**Осы өңірге тағдыры тоғысқаннан,
Кірме дейтін жұтта кеп қоныстанған.
Енді ойласам —**

**Талайды тентіреткен,
Ол-дағы кем соқпалты-ау соғыстардан.**

**Соғыс елді келді ғой кіріптар ғып.
Бүгін қайта маздады үміт барлық.
Жеңіс!**

**Жеңіс!
Ақ әже, сүйіншілеп —
Екі кеште сау етіп кіріп бардық.**

**Көз алдында соғыстың әсі сынып,
Кетті ме еken байғұстың есі шығып.
Едендегі отырған орынан,
Екі мәрте жығылды,**

Екі тұрып!

**Қуаныш па,
Үрей ме билеп алған,**

**Ақ әже ессіз-түссіз күйде қалған.
Күш-қуаттан сол замат айырды ма
Талай жыл көкірекке түйген арман.**

— Ax! — деді,
Күлгени әлде жылағаны,
Тіл қатып басқа бір сөз сұрамады.
Әлі де көз алдында бүгінгідей,
Менің балғын қолыма құлағаны.

**Соғыстың бітпегені-ау, сірә кәрі —
Бұл бәлкім ақтық күшін сынағаны.
Ақырғы түяқ серпер тегеуіріні,
Тағы да жалмап кетті бір ананы.**

**Соғыстың бітпегені-ау, сірә, кәрі —
Бар ма әлде жәдігейдей мың амалы.
Әлі де көз алдында шаңырақтың
Соңғы алтын тірегінің құлағаны.**

О, ТУҒАН ЖЕР

О, тұған жер —
Жазира сағым далам,
Сен ұстаттың жүйріктің жалын маган.
Өрілдің де кеудемде өлең болып,
Өшпес оттай шалқыдым жалындаған.

Асауыңа арқан сап арындаған,
Төскейінде құйын бол ағындағам.
Таразыға тартсам бар табысымды,
Сен беріпсің жақсының нәрін маган.

Қия беттен көрінген көк белдерің
Көкірегіме құяды көктем лебін.
Маңдайымнан сипайды майда желің,
Сағынышым сабылтып жеткен менің

Сайын дала,
Алдыманан сағым ойнап,
Кетем сол сәт қиялға тағы бойлап.
Құс құйрығын тістеген құлын-тайлар,
Қыр басына шығады салып ойнақ.

Сыбдыр қағып қара орман жапырағы
Қойнауына қол бұлғап шақырады.
Мен жүрген жол баяғы жалғыз аяқ
Арманымдай жалғасып жатыр эне.

Міне, мынау алғаш гүл терген сайым —
Махаббат бол қасыма ерген сайым,

Бал шарабын бақыттың берген сایым,
Жастығымның күәсі жалындаған —
Қарсы алады сағынып келген сайын,
Ұмытпан Күнім батып,

Сөнгөнше Айым!



САҒЫМДЫ ДАЛАМ

**Сағымды далам,
Сағынды балаң,
Армысың,
Сен ояу шақта сезімім қалай қалғысын.
Сергіп бір қалдым кәусар ауаңдан жүттүм да,
Сейілге шығып,
Тыңдаған сәтте таң құсын.**

**Сағымды далам,
Сағынды балаң —
Шын сырым,
Өзіңе жетіп көңлім бір сәт тыншыды.
Қуана қарсы ап,
Мен үшін ән сап түрғандай
Құп-құйттақандай Сарбелдің сары шымшығы.**

**О, дүние-ай, шіркін —
Ғажайып мынау мекен ғой,
Шеті, шегіне көз түрмақ тіптен жетер ме ой.
 Тағдырымың да,
Ән-жырымың да бастауы
Осынау жерде жатқанын білмейді екем ғой.**

**Сағымды далам
Бәрін де соның жаңа үқтүм.—
Мерейім биік,
Өзің бар жерде алыппын,**

**Өзің бар жерде батырмын,
Әмбе ақынмын,
Әйткені далам,
Айбары сенсің халықтың,
Қайнары сенсің шабыттың.**



ОКТАЯБРЬ НҰРЫ

(Толғай)

Қала да әсем,
Дала да әсем,
Бәрі әсем —
Жараптық деген, жаным-ау, қандай тамаша ең!
Тамылжып тұрған таңдағы мынау табиғат,
Жаныңа жастық ұялатады —
Қара, сен!

Табиғатпенен қайтамын десең сырласып,
Қиял қанатын қақтыр да бір сәт,
Қырға шық.
Өркені өскен өлкенің мынау көркіне
Боласың, достым, жаны-тәніңмен шын ғашық.

Сайын даланы көрген адамдай жаңада,
Алатау бойын,
Алатау қойнын арала.
Сабат самалын кекірек кере жұтсаң да,
Құмарың шіркін қана ма?

Әнекей, Ауыл,
Әнекей, биік Көктебем,
Кім келсе-дағы ат басын бүрмай өтлеген.
Қырынан бір көз салсаң ару аймақта,
Астасып көңілің кететін сынды көкпенен.

Өмірі нұрлы,
Өңірі гүлді астанам.
Сағаттап өскен жас қалам,
 Әрі бас қалам.

Елдігімді де,
Ерлігімді де әйгілеп,
Ғарышқа шырқап барады ғажап асқақ ән.

Сән сарайлардан шалқыған әуен самалы
Сезімді баурап,
Жүректі жаулап алады.

Алматыға кел, ағайын, алыс-жақындар,
Көремін десең жердегі жәннат қаланы.

Көремін десең,
Кереметтерді көр міне,
Алатай міне,
Аякөз ару көл міне.
Самала шамдар жанады заңғар төсінде,
Көңілдің жыры,
Өмірдің нұры өрбіген.

Қарасаң қанша,
Көркіне көзің тоймаған
Әр күні — Бақыт,
Әр күні — думан-той маған.
Нұр сеүіп құллі ғаламға,
Ұлы көсемнің өзі түр ұлы алаңда.
Бүгінім емес,
Ертеңімді де ойлаған

**Думанды тойы тарқаған емес шында да
Көтердік Елдің мереійін талай сында да.
Бабаларымның өрлігі жатқан секілді,
Медеудей асқақ шыңда да.**

**Еңсесі биік —
Сәулетті үйлер қаншама,
Жалықпай қара,
Жанарың бір сәт талса да.
Құрыш білекті құрылысшылардың еңбегі
Қуаныш сыйлап келеді барша-баршаға...**

**Астасып жатқан аспан мен жердің арасы
Жайсаң жандардың ұшқыр ойы мен санасы.
Бүгіннен де қол созған нұрлы ертеңге
Алматым менің —**

Жарқын жастықтың қаласы!

**Далама кез сал Жетісу бойын жайлаған,
Қайда да шабыт,
Қайда да шаттық,
Қайда да ән...
Асау өзенді Адам ырқына көндіріп,
Теңіз шалқытып,
Арнасын қолдан байлаған.**

**Төрт түлік малға толтырып үстін жотаның,
Қырда жүр қанша жылқышы, малшы, шопаным...
Жұлдызы жанып,
Еңбек мереійін асырып,
Даңққа бөлеп келеді ұлы Отанын.**

Диқаным қанша жүгері, күріш өсірген —
Кейіндең қалған кезім жоқ сірә көшімнен.
Келеді бәрі өлкे мерейін өсіріп,
Молшылық сыйлап туған даланың төсінен.

Тізілген дәні —
Арудың апрақ тісіндей.
Қол созып күнге өседі сұлу мұсіндей.
Еңбегіне қарай —
Өнбекі де мол балауса
Кетерер биік еңсесін ердің түсірмей.

Жүгері — ет деп,
Жүгері — сұт деп жырлаған
Әнімізді де талайлар үйіп тыңдаған.
Қымбат дақылды қия жондарда жайқалтқан
Қойнауы құтты,
Дарқан екен ғой бұл далам.

Мақтанып айтам,
Шаттанып айтам барлығын —
Абзал жандардың мәрттігі менен нарлығын.
Мерекеменен,
Берекеменен безенген
Құаныш толы әр қүнім.

Отырып кейде өзімнен өзім сұрадым,
Бағыма менің бақ таластыра алар сірә кім.
Келемін заулап алғы күндерге армандаї
Мініп ап ұлы дәүірдің берген пырағын.

Бәрі бар бізде,
Бәрі бар ескен өлкемде,
Қаулап бір шыққан алау гүлдердей өртөңге.
Адамдары ылғи өр кеуде
Октябрь нұры,
Октябрь жыры шалқытып
Барады бастап нұрлы болашақ —
Ертеңге.

Бәрі бар бізде,
Әні бар асқақ,
Сәні бар...
Алатауымның арайлап атқан таңы бар.
Ұлы шерудің алғы шебінде — Алматым
Ақындарымен,
Батырларымен танымал.

Қала да әсем,
Дала да әсем,
Бәрі әсем —
Жарастық тапқан Дәүірім қандай тамаша ең.
Октябрь нұры,
Октябрь жыры шалқыған
Өркеніме де,
Ертеңіме де қара сен!



ТЫНЫШТАҒЫ ҮШІН ҒАЛАМНЫҢ

Мен ақын боп үн қатам,
Дүниеге даусымды тыңдатам.
Тыныш күні үшін әлемнің,
Тыныш түні үшін әжемнің
Жанымды жырлатам.

Тыныш шақ. Үрыс-бақ
Тілеймін балама,
Тілеймін анама,
Тілеймін қалама,
Тілеймін далама.
Біреулер қолына у ұстап
Себер деп қорқамын
Қайтадан жарама.

Әлі есте —
Қырық бірдің тұл түні,
Тәрік қып ұйқыны,
Сап тыйған күлкіні.
Адамды айтпай-ақ қояр ем
Жердің де жазылып болған жоқ
Берішке айналған тыртығы,

Әлі есте —
Қырық бірдің тұл түні!
Еңбекпен көсеге көгеріп,
Басқа даңқ тілеген жоқ едік.
Аз жылда-ақ алыптай адымдал,
Өлкені гүл-баққа бөледік,
Бәріміз ер едік, ер едік

Гүл-баққа бөледік өлкені,
Өскенде Елімнің өркені —
Дегендей күшімді көр, тегі
Ұрланып келді де зұлым жау
Байлығын,

Бақытын...

Өртеді.

Біз сонда қаһарман халық боп,
Мызығымас бірлікпен алып боп,
Зеңбірек оқпанын қеудемен қалқалап —
Әлемге тарадық даңқ боп,
Жаһанға жол сілтер жарық боп.

Даңқ боп тарадық жаһанға,
Соғысты әжем де, атам да...
Жыр — Жамбыл Неваның бойында
Солдатпен бір түрдү қатарға.

Соғысты әжем де, атам да...
Ел даңқын жеткізіп жаһанға.
Содан да ұры жау үрікті
Кез болып халықтық қаһарға.

Қорған ғып —
Оқ өтлес ерлікті,
Сақтадық ежелгі елдікті.
Сақтадық туысқан Одақты —
Сақтадық —

БАҚЫТТА
ТЕҢДІКТІ!



ӘДІЛДІКТІҢ АР ТУЫ

Менің далам тұнып тұрған жыр екен,
Менің далам байтақ екен,
Менің далам ұлы екен.
Сол даланы құт мекенге айналдырам арайлы,
Сол даланы жасандырам,
Сол даланы гүл етем.

Менің далам еңбекпенен жаңғырған,
Көз тартады жаралғандай таң-нұрдан.
Менің далам құдіретті құш-қуаттың мекені
Бар ғаламды таң қылған.

Мартендерде от өріліп,
Ақса құрыш балқыған,
Ұлы ерліктің қайнары ол да шабыт болып шалқыған.
Соның бәрі көрінеді елдігінен елімнің,
Ерлігінен,
Отанымның асқақтаған даңқынан.

Біздің елде жасампаздық —
Ұлы ерліктің дәстүрі
Халқымыздың шешек атып, гүл жайнаған жастығы.
Жаңалықты әрқашан да көтереміз ту етіп,
Құллі әлемге тартармыз жан сүйісінер жақсыны.

Оқуға да,
Дем алуға еріктіміз бәріміз,
Шыңға шырқап жер-жаһанды таңдантамыз әлі біз.

Армандарға қол созымыз,
Қыран болып самғаймыз,
Қиял жетпес қияндардан естіледі әніміз.

Уа, дүние!
Таңданыңдар, бізді ерлік деп таныңдар,
Өр жандармыз —
Мәңгі өшпейтін алау болып жалыңдар.
Ұлы заңда сезімдердің мөлдірлігі, пәктігі
Әділдікті ар туындай көтеретін Заңым бар.

Ұлы заңда байлығым да, бақыттым да, мақтаным,
Ұлы заңда бейбіт күнім, ақ таңым.
Ұлы заңда көлдерім де, белдерім де, бәрі де...
Ұлы заңда нұр жамылған, гүл жамылған бақтарым.

Ұлы заңда күллі елімнің шаттығы,
Ұлы заңда сезімдердің мөлдірлігі, пәктігі.
Ұлы заңда жақсылықтың,
 жақсы үміттің бәрі де —
Ұлы Істердің бастаушысы — Компартиям авторы



БІРГЕ ҰШАДЫ

Аспан мен Жер
Алшақ еді арасы,
Алшақ еді—
Енді міне қарашы
Қоңсы қонып алғандаймыз бүгінде
Айға апардық Жердің лала гүлін де,
Замананың құдірет-күші жатқандай
Бүгінгі ұлы дүбірде.

Қуанышты —
Көңілдер де хош бүгін,
Бұдан артық жақалықты тосты кім!
Аспанға үшты құрыш қанат қырандар,
Туғып үстап халықтардың достығын,
Бүкіл әлем осынау үйге қосты үнін.

Тылсым әлем —
Тылсым дүние — тыныштық,
Достық аты жүректерге тым ыстық.
Достық пенен ынтымақта — ырыс-құт,
Сол Достықты тудай биік көтеріп,
Ақындар да батырлармен бір ұштық.

Жаса, Достық
Жаса, ынтымақ-бірлігім,
Адамдардың қорға тыныш тірлігін,
Бірге ашысып тылсымдардың түндігін,
Қуанышты құплі әлемге әйгілеп,
Космосқа да бірге ұшады жыр бүгін



ЕЛІМНІЦ АРМАНЫН АРҚАЛАП

**Ер жастар —
Құрыш бол жаралған,
Жаңында өр мақсат, өр арман.
Жауларға оқ болып атылып,
Әрдайым жеңіспен оралған.**

**Ер жастар —
Лениннің ұрпағы,
Алдында арайлы нұр таңы.
Тұлетіп, түрлентіп тың тәсін
Гүл баққа бөледі қырқаны.**

**Ер жастар —
Мақтанар даңқы елдің,
Дәстүрлі, жаңашыл салты елдің.
Ер жастар — Лениншіл комсомол
Кеудесін кернеген алты орден.**

**Ер жастар —
Өр мақсат, өр талап,
Женісті алмайды ол қолқалап.
Қырандай қияға самғайды
Елімнің арманын арқалап.**



САГЫНДЫМ, ӨРНЕК

Сагындым, Өрнек,
Сагындым сені, аяулым —
Сагыныш кейде тұсірер жанға қаяу-мұң.
Өзіңнен асқан мекен-жай бар деп білмеймін
Дүниенің маған көрсетсе-дағы қай ауылын.

Сұлу да емессің,
Таласқан кекпен тауың жоқ,
Майысып тұрған миуалы бақша-бауың жоқ.
Ерекше біткен болмысынды да айта алман:
Алардай көздің жауын! — деп.

Аумағың болса,
Ауыз толтырып айтар ем,
Бірақ та сені таппаймын ізден картамен.
Сонда да маған —
Өзіңнен ұлы жер жоқтай,
Өзіңе қарап тұрған секілді жарты әлем

Сагындым, Өрнек
Мен үшін өзің ерексің,
Шалғайда-дағы жүресің дәйім жебеп шын.
Қысылсам-дағы,
Қуансам-дағы керексің,
Асылы сенен артық ауылдар көп шығар,
Бірақ та саған не жетсін
Бірақ та саған не жетсін



МЕРКЕ

Мерке ме,
Шын атаяң — Мереке ме,
Тұнған байлық — ырысқа, берекеге.
Сәніңді,
Сәүлетіңді сап түзеген
Айтсам екен деп тұрмын неге теңеп?

Тауың бар көкорайлы —
Еңісің мал,
Миуда бақ —
Тіл үйірген жемісі бал.
Жеріңнің жомарттығын паш еткендей
Қырқада қант тамырлы егісің бар.

Тамсантың,
Таңырқаттың, Тау, ел мені,
Ұғымым басқалау-тын әуелдегі.
Сұлуға,
Сұлулыққа сұқтандырған
Меркенің қандай ғажап әуендері.

Тойларда жүлде алмасып бәйгіменен —
Достықты қыргыз-қазақ әйгілеген.
Шарқ ұрды ақын шабыт шағаладай,
Құлашын қияндарға жайды да өлең.

Танысып,
Табысқаным бір ғана күн,
Кеүдемде аласұрып тулады ағын.

Көз көріп,
Көңіл түйген суреттердің
Қиналадын сыйғыза алмай жырға бәрін.

Өнерге,
Өлеңге бас иіп келген
Айналдым жаны жайсаң сүйікті елден.
Сендерді жырдай асқақ, әндей әсем
Әр үақыт көрсем деймін биіктерден.

Шыңдардан көрінсөндер шырқап тағы —
Еңбектің өңіріңе гүл таққаны.
Күн жақсы қайта айналып қауышқанша
Әйгілі жыр Жамбылдың ұрпақтары.



ЖАҢАҚОРҒАН

Жаңақорған

Арманның алауындај жанады ол маң.
Талайларды дертінен айықтырып,
Талайлардың жанына сая болған.

Көлі әнекей —

Кепіріп,

Көбіктенген...

Соның өзі көңілге көрік берген.

Сазын,

**Суын аласың денең балқып,
Құтылсам деп бойдағы көп «иттерден».**

Денсаулық —

Шыбын жанға сая мына,

Жақсылығын жақсы жер аяды ма.

Қанаттанып,

Қайтадан жүріп кетті

Талайлар мініп келген таяғына.



ДАЛА МЕКЕН

Ассалаумагаләйкүм, Дала мекен,
Мен сені сүйем елден ала-бөтен.
Жолға шықсам,
Жабырқап қалмайын деп
Бір уыс топырағыңды ала кетем.

Ала кетем алысқа өзімменен,
Таусылмасын сағынып төзім деген.
Кәдуілгі жолсерік болады ол
Беймаза сәттерімде көз Ылмеген.

Көз ілмеген шақтарда сыр ақтарып,
Көрінеді ол туған жер сияқтанып.
Айтқаным сенбесең,
О, бауырлар,
Сағынып көр аулыңды жырақ барып.

Жырақ барып ойлая көр ауылышы,
Ата-анаңды,
Ағайын,
Бауырыңды...
Көз алдыңа келеді тізбектеліп,
Өзен, көл,
Тасы мен тауы күллі.

Ақ қайыңдар —
Айға ашқан алақынын,
Ақша гүлдер —

**Қарсы алған дала таңын,
Көз алдыңа келеді тізбектеліп
Қаз, үйректер өргізген балапанын.**

**Құрбыларың —
Жайнаған қыр гүліндей,
Қызығалдақтар қырмызы —
Нұрлы күндей.
Өз ортаңда осынау қасиетіңді,
О, туған жер,
Қалайша жүрдім білмей.**

**Заңғар таулар —
Тұратын мұз бектеріп,
Көз алдыңан өтеді тізбектеліп.
Соның өзін сағыныш самалықмен
Аймалайсың алыстан іздеп келіп,**

**Міне, солай —
Мен үшін Дала мекен,
Сүйем оны взгеден ала-бөтен.
Қайда жүрсем жанымды жылтысЫн деп,
Бір уыс топырагын ала кетем.**



АРМЫСЫҢДАР, АНАЛАР

Армысыңдар, Аналар!
Қалайсыңдар —
Бас иген ақ бас құздар, арай шындар.
Батырға — күш,
Ақынға — шабыт берген
Сендерді ақын жыр етпей қалай шыдар!

Мен де сондай арманышыл бір ұлыңмын,
Жеткенінше, аз-көп пе, ғұмырымның
Жырлап өтем Ананың әз арманын,
Жырлап өтем Ананың ұлылығын.

Жылтысам деп келемін Ел — Отанды,
Ақ тілеулі Аналар, бер батаңды.
Әздеріңдей шуақ боп құйыламын,
Нұрға ораймын солайша жер-жаһанды.

Сол үшін мен әлемдегі Аналардың
Махаббатын,
Мейірімін қалап алдым.
Қалап алдым жылуын көздерінің —
Ондай күшті басқадан таба алар кім.

Кім білмейді Ананың қасиетін,
Алдында ажал — зұлымдық бас иетін.
Есті түгіл,
Әумесер есерің де —
Тынып тыңдар оның бар өсиетін.

Абзал жүрек Аналар!
Армысындар!
Барлығың да есен-сая бармысындар.
Сендер менің жанымды нұрға ораған
Арманымдай кіршікіз мәңгі шындар.

Армысындар, Аналар!
Қалайсындар,
Көлегейлеп күн көзін қарайсындар.
Ақ тілеу,
Ақ маҳабbat,
Пәк сезімді
Ту еткен арайсындар —
Сендерді ақын жырламай қалай шыдар.





КӨҢІЛ КӨЗІ





ӘКЕ ӨСИЕТІ

**Әкем ылғи айтатын:
Іс тұскендей болса, балам, басыңа
Жұрт көзінше жасыма.
Сумаңдаған сырт көздерге сыр берме
Сынамаққа келсе-дагы қасыңа.**

**Бәлкім олар аяған боп досыңдай,
Қының сәтте осындай
Бермек болар қол ұшын
Тек бетіңен тая көрмө сол үшін,
Қиналсаң да ет сын-көпірден тосылмай.**

**Аяулың да,
Асылың да —
Ар-намысың
Алдырма!**
**Оны алдырсан, тиянақ жоқ алдыңда.
Ар жолында өзің өлсөң, өліп кет —**

Азабын да,

Мазағын да көріп тек —
Бірақ, балам, алда мені,

Артта өзіңнің ұлыңды
Мәңгі ұятқа қалдырма.

Үй салғандай іргетасын мықты ғып —
Мұны әкеме өз әкесі ұқтырып,
Айтқан екен,
Мен де ұлымға осы сөзді қалдырам
Ұрпақтардан ұрпақтарға жалғасатын құт біліп!



ЖЕТКІЗБЕЙДІ БАЛАЛЫҚ

**Өмір жайлы көп ойлаймын түндерде,
Кеңілімді құдікті ғып жүрген не —
Жасадым ба біреулерге қиянат,
Және өзімнің есем кетті кімдер!**

Түн.

Оңаша.

**Қара күңгірт бөлме іші,
Ойлар,**

Ойлар,

Кез алдымда көлбеші.

**Баяу соққан қол сағаттың тықылы
Қиял құған кеңілімді бөлмеші.**

**Отырайын өзімменен өзім бол —
Уақыт қайда,**

Болғанменен төзім көп.

**Өлең қалай оралады ойыма
Қақтығыстар түсірмесе сезімге от.**

**Қоларғандай мидың мың сан қатпарын
Өмір жайлы ойлаудан көп тапқаным.
Қайсыбірін еске алудан ұялдым,
Қайсыбірін елге айтуга батпадым.**

**Өмір жайлы,
Кеңіл жайлы қаншама
Сыр ақтарып,**

**Жыр жазуға бар шама.
Тіршілікten түңілгем жоқ қашан да —
Біреулерге көңілім шындаپ қалса да.**

**Өмір жайлы,
Көңіл жайлы қаншама
Сыр ақтарып,
Жыр жазуға бар шама.
Адамдықпен ашты біреу құшағын,
Арамдықпен біреу қырына алса да.**

**Есеп беріп соның бәрі-бәріне,
Тіршілікте кездесер деп әлі не —
Шет-шегі жоқ —
 Тарам-тарам жолдармен
Кетіп баram,
 Кетіп барам әріге.**

**Тұн.
Оңаша.
Қара күңгірт бөлмені
Ешбір дыбыс,
Ешбір сыйбыс бөлмеді.
Бала күнгі суретіме қараймын
Анам өзі іліп қойған төрдегі.**

**Өтіп кеткен,
Өтіп кеткен қанша жыл —
Жаза берсе таусылмайтын қанша жыр.**

Ұйқың да мол,
Күлкің де мол,
Бәрі мол —
Тіршіліктің осы екен ғой бал шағы.

Балғын өңі,
Ойсыз, мұңсыз жанары,
Мен қарап ем,
Ол да маған қарады.
Соны көріп көкірегімде бір сезім
Балалықтың алауындай жанады.

Қазірде рас өмірге өкпем жоқ менің,
Сыр айтам деп,
Шынымды айтсам, сөкпегін.
Бақытым да,
Байлығым да —
Бәрі бар...
Ақын деген атым да бар көп-көрім.

Үйім де бар,
Күйім де бар,
Бар бәрі —
Жүрем деген ойым да бар алға әлі.
Тыным бермей тепеңдетіп келеді
Тіршіліктің бұлаңқұйрық арманы.

Бойда — құат,
Ойда — құат,
Білім бар —

**Алда да көп жылым, айым, күнім бар.
Алыс деген арманға да, егерде
Шындал кетсем, жететүгyn түрім бар.**

**Күн артынан күндер келіп,
жаңарып —
Бәлкім тіптен қолын берер Даналық.
Нақ білерім —
Күліп түрған төрдегі
Жеткізбейді ойсыз, мұңсыз Балалық.
Ойсыз, мұңсыз Балалық!**



МЕНИҚ КӨҢІЛІМ

Кейде-кейде қиял қуып кетем де
Жүрөм жалғыз жан баспаған мекенде.
Сергітем деп селкеу тартқан көңілді
Сейіл құрған — шын рақат екен де.

Көрген емен қындықтан тартынып,
Ой омбысын кешсем бірде малтығып —
Енді бірде арманымның ақ құсы
Көтерілер кең аспанға шарқ ұрып.

Қас тұлпардай қашай салып тұяқты,
Қарш-қарш кесіп бетегені, қияқты.
Менің көңілім тосқауылға тоқтамай
Шыңға шығып келе жатқан сияқты.



УАҚЫТ

Уақыт!

Кейде бәрін де ұмыттырып,
Тірліктің қызығына құнықтырып,
Ренжіген кезді естен шығарады —
Бүгінге риза боласың күліп тұрып.

Уақыт!

Тірліктің қызығына құнықтырып,
Жібереді көп жайды ұмыттырып.
Шалыс басып аяқты,

Сүрінеміз,
Алдымызда ор барын біліп тұрып.

Өкінеміз —

Көп жайды кеш ұғынып,
Қателіктің тірлікте несі ғұрып.
Әттең дейміз бармақты қыршып алып
Жас баладай қалған сәл есі кіріп.



ШАРУАҚОР ЖАН ЕМЕСПІН

Жаз — шана,
Қыс — арбасын әзірлекен,
Шаруақор жан емеспін әзірге мен.
Шабыт әсте күтпейді ауа райын,
Айырмайды қысыңды жазыңменен.

Ескермейді күніңді,
түніңді де —
Кештеу жаттым тағы да бүгін міне.
Оралмай жүр өкпелі ағайындай,
Бәлкім менен біржола түңілді ме!!

Не жаздың деп сұрайды достар менен —
Озбай қалса бәйгеге қосқанменен,
Өлім болар сөз беру ағайынға —
Тумайды еken жақсы жыр жоспарменен.

Жаз — шана,
Қыс — арбасын әзірлекен
Шаруақор жан емеспін әзірге емен.
Шабыт кейде жай ғана мазалайды —
Жеңгейлердей қағытып әзілменен.

Айналайын,
Әзілде әзілдесең —
Көкірегіме қондырып назыңды әсем.
Сеніменен қысым да,
жазым да әсем!

Сен болмасаң,
Жан сыздап ауырмас ем,
Сен болмасаң,
Жадырап жазылмас ем.

Сен келесің сәт сайын мазалаумен,
Мазалаумен,
Кейде шын жазалаумен.
Жансам жанып кетейін біржолата
Әуре етпе тек маздақсыз аз алаумен,
Әуре етпе тек маздақсыз аз алаумен!



ШӘКІРТ СӨЗІ

Сіз кітапқа зәрү емессіз —
Білемін!
Сонда да болса тілерім —
Баяғыдай-ақ,
Ұстаздық сезімталдықпен
Тыңдал көріңіз шәкірттің албырт жүрегін.

Жыр ғана емес —
Шыным-сырым да осында,
Көресіз бұдан көңілімнің шаттық-хошын да.
Көресіз бұдан мазасыз, бейжай шағымды —
Күтпеген жерден тіреліп қалған тосынға.

Сел-сезім кейде ақ нөсер болып құйылды,
Өрекпіл жүрек,
Эдептегісінен жиі ұрды.

Ашық аспандай —
Қалтарысы жоқ жанымның,
Көресіз бәрін —
Бүкпесіз көңіл күйімді.

Адамда бәрі —
Бәрі де соның болады —
Алқыну кейде,
Аптығу тіптен көп әлі.
Нотасы төмен,
Ал бірде бәлкім жоғары —
Тамыршыдай-ақ тап басып айту Сізге сын
Шәкіртіңіздің жүрегі қалай соғады?

ӘН

Алыстан талып бір әдемі әуен жетті ғой,
Отыр ем бейжай,
Шымырлап сол сәт кетті бой.
Әмірдің мәнін өнерден үққан бабалар
«Жыларататын да — ән,
Жұбататын да — ән!»—депті ғой.

Алыстан жетті еркімді билеп алған ән,
Қосылып кетті —
Сері таулар мен сал далам.
Жел қанатымен желлігендей бір жаныңды
Жер қалды ма екен осынау әуен бармаған.

Тебіренген дала,
Мұлгіген тау мен қыр қандай —
Елігіп,
Елтіп...
Құмары өсте бір қанбай,
Тынысын тартып,
Тына қап іштеген жел-дағы —
Дүние тегіс осы әнді тыңдалап тұрғандай.



ТАУ ЖОЛЫ

Бірде құлап,
Бірде өрге көтеріліп,
Бірде орап,
Бірде жерде төте жүріп,
Бір асудан асады бір асуға —
Қиямет-ау тау жолы расында.

Жылан ирек —
Шың-құзды қиялаған,
Кейде күдік көңілге үялаған.
Мінезіндей көктемнің айнымалы,
Тітіреніп, жүргегің шайлығады.

Жолдар, жолдар осылай жалғасады,
Асулар мен ылдилар алмасады.
Соның бәрі еріңе,
езіңе сын —
Қыл көпірден өткендей сезінесің.



АҚҚУЛАРЫМ-АУ

Аққуларым-ау,
Аман-сау жеттіңдер ме!
Жол тосып ұзақ ұйқысыз көп түндерде
Кең аспанға қараумен сарылып едім —
Сұқ көздерге сүрінбей өттіңдер ме!

Өттіңдер ме тосылмай асуларға!
Шың-құздарға —
Бүркеген басын қарға.
Жеттіңдер ме әйтеуір жол-жөнекей
Жазатайым кезікпей жасындарға!

Аққуларым-ау —
Ажары ақ айдындардың,
Сәнін келтірген таңдарда арайдың да әр күн.
Оралды ма еken жылдағы мекеніне деп
Өздеріңді іздел Құтқөлге талай күн бардым.

Тізбектеріңмен Құтқөлге кеше бардыңдар —
Жылдағыдан қалайша кеш оралдыңдар!
Тұған жерге талықсып жеттім дегенде
Үркітті ме еken әлдебір есалаң мұңдар.

Аққуларым-ау
Тұған жерді ақсал келгенде,
Сырнай үнменен сызылтып ән сап келгенде,
Ақ қанаттарың талықсып шаршап келгенде,
Сұқсырлар әлде жүрді ме сұрқын кетіріп,
Ақ айдындарда,
Арайлы қамсақ көлдерде.

ҚАТАРДАМЫН

Сапардамын,
Таусылғанша өмірден татар дәмім.
Біреулерден озықпын,
Біреулерден кейіндеу жүрмін рас,
Жалпы алғанда,
Халқыммен қатардамын.
Тіршіліктің,
Барлығын байқататын бір шыбықпын.
Балақандай тәй басқан —
Биіктерге қол созып талпынамын,
Кетпесем де ерекше құлшынып тым.
Өзімді өзім —
Шынымды айтсам, қораштау сезінемін.
Кейде тіптен соны ойлап көз Ілмедім.
Жас емеспін,
Бас болу — мұрат та емес,
Десек те шалқып жүрер кеziмдемін.
Фашық қылған —
Ертеңім бар өзіне асықтырған.
Жылдар өтіп барады зымыраған,
Тізгіндемей талаптың Тайбурылын
Алайын да тағы бір асып қырдан.
Сапардамын,
Тіршіліктен біткенше татар дәмім,
Жоқ достардан бөлекше жат арманым,
Бірде Ілгері,
Кейіндеу жүрем бірде,
Жалпы алғанда бәрімен қатардамын!

БІР МЫҚТЫ БАР

Шаршап келем,
Кей кезде кейіп келем,
Бөгде біреу шошынар кейіппенен.
Әзіл айтса жеңешем, көкем мейлі —
Тіс жармаймын,
Сіркем су көтермейді.

Басқа кезде өктемдеу жұбайым да,
(Осы — үйдегі «әміршім», «құдайым да»)
Қабағымның қыртысын байқап анық,
Жөнеледі басын бір шайқап алып.

Біле ме екен ұлының қайсарлығын —
Анам да сөз айтпайды,
Жайсақ бүгін.
Назар салмай ондайда қайта маған,
Байқаса да,
Болады байқамаған.

Балаң сенен осы-ау деп асты деген,
Қарайды әкем көзінің астыменен.
Жатласа да тәптіштеп, тусландырған,
Жақтырмасын тұрады ішім біліп.

Мейлі достар,
Сынаңдар, сынамаңдар —
Маған өктем ондайда бір адам бар.

**Базаршыдай қол салып қойыныма,
Асылады еріксіз мойыныма.**

**Ол мықтыңыз мен тұрмақ ата-анамды,
Өз ырқына көндіріп матап алды.
Қайтем енді мән-жайын түсіндіріп,
Кім екенін отыр ғой ішің біліп.**



ҚЫРАН

Ақ иық құсым —
Шырқаған қыыр-қиянда,
Өзінді көріп берілем бір сәт қиялға.

Биіктік —
Сенің бесігің сынды тербелген,
Қызықтырады шың-құзға салған үяң да.

Дауылпазым-ай,
Қанаттылардың төресі,
Өзіңе ұқсап ұшам дейтін де көп осы.
Еліктегенмен екінің бірі қыран ба,
Білмейді әттең жете бермейтінін өресі.

Қарға-құзғынның бара алмай бірі жанасып,
Шығандап кеттің —

Ақ бұлттардан да әрі асып.
Дабырлағаннның талайы қалды адасып.
Шырқау дегенің —
Шында да ғажап екен гой,
Қыранға ғана тұратындығымен жарасып.

Келесі сәтте құлдилап тәмен құладың,
Не болып кетті мына күн.
Бойымды билеп үрей, алапат бір ағын,
Егіліп іштей жыладым.
Шақ тұрдым жерде —

Таусылып тағат-шыдамым.

**Соңынан ұқтым —
Қырағы көзің шалған да,
Тас түйін қалпың —**

Сорғалап түстің арланға.

**Әзірейлідей аранын ашқан ажалға,
Әзіңнен жойқын тажалға батып барғанда,
Өлсөң де тіпті —**

Өлмесінді білген екенсің

Ез біреулердей арманда.



АСЫҚТЫМ

**Таңдарға асықтым —
Жаңалық әкелер деп.
Заңғарға асықтым —
Даналық әперер деп.**

**Көктемге асықтым —
Гүлдерін сағынғаннан.
Әткелгे асықтым —
Алыстан сағымданған.**

**Ертеңге асықтым —
Қияда қол бұлғаған.
Еркеме асықтым —
Ұяма толтырған ән.**



МЕН ДЕ ӨЗІҢДЕЙ

Тыңда, балам,
Мен де өзіңдей баламын,
Көп жоғымды сенен іздел табамын.
Сен қуансаң,
Тәбем кекке жетеді,
Сен кейісек,
Мен де жер бол қаламын.

Ілегіне ілесіп мол дүрмектің,
Уақытты ұрлап есейтсе де жүрдек күн,
Ескермеппін —
Сен ұқтырдың көп жайды
Әкелердің міндеті не?
Білмеппің!

Соның бәрін сен келдің де ұқтырдың,
Бойымдағы бұлалықты бұқтырдың.
Қанша тулап алдырмаймын десең де,
Өз аларын алады екен ұтқыр күн.

Сейілге де өзіңменен бір бардым.
Бірге тердік қызғалдағын қырлардың.
Бірінші рет сен класқа кіргенде,
Мен сыртында тағат таппай түрғанмын.

Алғаш тағы бестік алып келгенде,
Өсіп кеткен секілдендім мен демде.

Теңіз болып толқын атып жатқандай
Бір бұла күш бұлқынған-ды қеудемде.

Сол толқынды елдің бәрі көрсө еді —
Іштей қанша аймалатты ол сен!.
Сөзге тегі сыймайды екен, құдай-ау,
Әкедегі махаббаттың өлшемі!

Солай, балам,
Мен де өзіңдей баламын,
Көкірегімде таусылмайтын бар ағын.
Сен қуантсаң,
Төбем көкке жетеді,
Сен кейітсен,
Мұқап, жер боп қаламын.



БӘЙГЕ

Бәйге, бәйге,

Құнан бәйге,

Ат бәйге...

Біреулерге бедел бәйге,

Бақ бәйге.

Қызба халық жата алмайды үйінде —

Қызық үшін құба жонға қаптайды ел.

Алдын ала бір-бірімен таласып,

Кейде — керіс,

Кейде әзілдер жарасып.

Қия бетті құж-құж қылып жіберді,

Дауыстары алты қырдан әрі асып.

Кейде бәрі қарияны тыңдайды,

Сансыз жүрек лүпілдейді, тынбайды.

Қосқан атың өзып келсе,

Бақыт та —

Озбай қалса,

Атамаңыз мұндайды.

Озбай қалса,

Иесіне сол айып —

Үміт-күдік алма-кезек молайып,

Шаң астынан көрінген бір қараны

Жориды іштей —

Менікі деп толайым.

Басқа ат десең көрінген сол қараны

Түсі қашып,

Жарқ етіп бір жанары:

«Жоғал,— дейді,— осы арадан барыңдар»,—
Сөт ішінде тас-талқан бол қалады.

Ат қосқанның мінеңде кіді тым —
«Сіздікі»,— деп тұтандырсаң үмітін
Бейгені әкеп бергендей-ақ қолына,
Сені достай ұғынады, жігітім.

Бәйге, бәйге,

Құнан бәйге,

Ат бәйге...

Шаршы топта бедел бәйге,

Бақ бәйге...

Ұлы дүбір ат жарысын жаңғыртып

Жүргегінде өмір бойы сақтайды ел.

Намысы бар жігіт болсан,

Шаппай көр!



ӨЛЕҢ ЖАЗУ...

Өлең жазу —
Әрі азап,
Әрі бақыт —
Ойларыңды жия алмай,
жамыратып.
Кей түндері сыр аулап,
кірпік ілмей,
Қалғанын да білмейсің тақың атып.

Өлең жазу —
Әрі азап,
Әрі бақыт,
Басқа өмірден кірмейді жадыңа түк.
Шабытсыз шақ жандырып тозагына,
Шабытты шақ жіберер жадыратып.

Өлең жазу —
Әрі азап,
Әрі бақыт
Кейде сезім серпілер —
Жалын атып.
Кейде бір сөз келмейді орайыңа,
Қалғандай-ақ бойына қаны қатып.

Өлең жазу
Әрі азап,
Әрі бақыт,
Сезімінді әлдилеп,
Ән уатып.

**Көтерілер көңілдің күн шұағы —
Ойласаңыз, осының бәрі үақыт.**

**Өлең жазу —
Әрі азап,
Әрі бақыт,
Нысанадан алғандай бәрін атып,
Қандай жақсы оралсаң ой-сонардан
Өзінді де,
Өзгөні жадыратып,
Қызыл арай нұрланып, таңың атып.
Өлең жазу —
Әрі азап,
Әрі бақыт!**



БҰЛАҚТАЙ ЕМ

Әбділда Тәжібаевқа

**Бұлақтай ем бастауы ашылмаған,
Сынаптай ем тегіліп, шашылмаған,
Құр аттай ем арыны басылмаған.
Өзендей ем күн-түні алға асықсан
Көк майсаға оранған жасыл жағам.**

**Келө жатқам арнамда жайлап ағып,
Тынарымды біле алмай қайда барып.
Менің жалғыз тілегім —
Мөлдірімді
Бұзбау еді бір жерде лайлап алып.**

**Ойымды, аға, тап басып таныдыңыз
Жігерімді намысқа жаныдыңыз.
Дүр еткендей жел үрлеп,
Дауыл соғып
Бұғып жатқан бойдагы жалынымыз.**

**Қанатым жоқ —
Шарқ ұрып ұша алмадым
Кетті бірақ қияндап құс арманым.
Ұяңдық па,
Білдіріп көңілімді
Қолыңызды сол замат қыса алмадым.**

**Жүрөгімнен жанартай атылған күн
Жаныңызға сан мәрте жақын бардым.
Мен сол сәтте өзімді түсінбедім —
Табиғаты өр деуші еді ақындардың.**

**Өрлікті де әрқалай түсінеміз,
Сейтіп кейде қадірін түсіреміз —
Содан барып көкірек туындаиды
Болмаса егер шабыт пен күшің егіз.**

**Барайын деп,
Біресе бармайын деп...
Түйдім сон соң алыстан барлайын деп
Жақын жүріп Алатауды Әбекеңдей
Ойладым аласартып алмайын деп.**



ӨЛЕҢ ОҚЫП ЕМ

(Қалижан Бекқожинге)

Өлең оқып ем:

— Ақын екенсің! — дедіңіз,
Бұрын қалайша байқамай жүргенбіз сені біз!
Сеніміңіз ғой,
Серпіліп қалдым, жан аға,
Болмаса сонша тындырып қойдық нені біз.

Өлең оқып ем:

— Ақын екенсің! — дедіңіз
Оңынан туғандай желіміз —
Алапат бір күй бойымды кернеп әкетті!
Сол сөзден шабыт алғандай болдым —
Сеніңіз!

Кей-кейде адам осынау сөзден нер алып,
Өмірге қайта келгендей бол жүр жаңарып.
Қыранға қия қашшама керек болса егер
Әр жасқа-дағы керек-ау сондай ағалық.

Өсіп-ақ қалдым —

Тебем бір кекке тигендей,
Арғымақ мініп,
Торқалы шапан кигендей.
Сіздің сөзіңіз —

Ақындың мандат секілді
Тұра қарадым алқалы топқа именбей,
Бабы болмаса,
Мұқалар асыл алмас та,
Жарauы жоқта тұлпар тұяқ та талмас па.
Талант та солай —
Болғанмен қанша нарқасқа,
Ағалық керек,
Ақ пейіл керек өр жасқа.



АГАСЫҢ ӘРІ БАЛАСЫҢ

Бақшада бірге ойнайсың,
Балғындарменен балғын боп.
Қызыққа, сірә, тоймайсың —
Елуге келіп қалдым деп.

Мектепке барсам, тағы да
Тақпақтап шығып алдымнан,
Нұр қүйіп жарқын жаныма
Өзіңсің, аға, таң қылған.

Жайлаудың шықсам төріне,
Жайраңдап қарсы аласың.
Бірге аунап майса-көгіне
Одан да достар табасың.

Даңғайыр диқан үйіне,
Енесің шалқар шабыт боп.
Әрдайым көңіл күйіңе
Қуанышы ортақ халық көп.

Дүманды жердің сәнісің,
Тамсантып жасын, кәрісін
Үйитып сөзбен бәрісін —
Шалқытып салар әнісің.

Естелік етіп жазасың
Құрбының қызық күндерін.
Сезімнің мөлдір-тазасын,
Қырқаның қызыл гүлдерін...

**Мұзға, көрім қызықсың,
Жастардан әсте қалмайсың.
Сырыңды жігіт-қыз үқсын,
Ақ сұңқар,
Ақша маңдайсың.**

**Ерлікті жырлап келесің,
Халқына батыр қорған деп.
Елдікті жырлап келесің,
Сөйлейсің «Естай — Хорлан» бол.**

**Көрмейсің ала бірін де,
Сарыарқа, Алтай, Атырау...
Одақтың талай тілінде
Жырыңды жаттап жатыр-ау.**

**Қосылдық елтіп әніңе.
Сөзінді құпташ —
«Хош!» — дедік.
Өйткені елдің бәрін де
Аласың баурап, дос көріп.**

**Үлкенге — Ыні, кішіге —
Ақылшы абзал ағасың.
Жасы үлкен жайсаң кісіге
Аңқылдан барар баласың..**

**Бақшада бірге ойнайсың —
Баламен жүрсең баласың!
Тарқамас қызық тойдайсың
Біздерге ардақ ағасың!**

ӨМІРГЕ ҒАШЫҚ

Өмірге ғашық жандармыз —
Құмарымыз бір сәтте басылмаған,
Кеп сырымыз және де ашылмаған.
Кең ғаламды қалтықсыз ұғу үшін
Аздық етер еді ғой ғасыр да өман.

Айналамыз жадыра жаз сияқты,
Көңіліміз қашан да мәз сияқты.
Ақ сағымдай арманға жету үшін
Бір түгіл екі ғұмыр аз сияқты.

Айға ұшамыз,
Самғаймыз одан да әрі
Күйсандықтай кеуденің толы арманы.
Мына менің басымда жұмыр жердің.
Өзендері түйіскен толы арналы.

Неткен ұшқыр бүгінде қиял, арман...
Тас түлектей шырқаған ұялардан.
Бір биікке жетсең-ақ,
Бір биігі
Қол былгайды құздардан, қиялардан...

Солай дәйім —
Ағындар алға асады,
Бір шың барып бір шыңға жалғасады.
Шыға алмаған тауыңның бәрі биік —
Толмағандай арманның арнасы әлі.

**Сонысымен елтітіп,
Еліктіріп...
Алады әр кез өзіне серік қылыш.
Мына өмірге қиянат —
Кетсең егер
Із қалдырмай артыңа,
Келіп тұрып.**



ЖАРАСҚАНДАЙ

**Бірде шалқар,
Бірде асқақ,
Бірде мұнды...
Сәтте өзгергіш,
Қайтерсің бүл көңілді.
Қамығу деп ұқласа жарап еді
Қалың ойға қамалып жүргенімді.**

**Бірде шалқар,
Бірде асқақ,
Бірде мұнды...
Сәтте өзгергіш,
Қайтерсің бүл көңілді.
Жеңілтектік демесе жарап еді
Сергің кейде, серпіле құлгенімді,**

**Айыра алмай —
Ағайын,
Алаш қандай:
Шалыс кетсем тал түсте адасқандай.
Жүргенімді ойласам,
Соның бәрі —
Пенделікке,
Пендеге жарасқандай.**



ЖАЛҒЫЗ ТАЛ АҚ

Жалғыз тал ақ самайды —
Нысана ма,
Соныменен жастығым тұсала ма.
Соныменен от жүрек салқын тартып,
Қарттық деген қызыл көз күш ала ма.

Жалғыз тал ақ —
Қарайды жарым маган,
Күнім нешік кезде ертең қабындаған.
Бәлкім іштен түр ма екен есеп жасап.
Асаулығың қалды деп арындаған.

Жалғыз тал ақ —
Қараймын айнаны алып,
Қойғандай біреу қолмен байлап анық.
Құтылмайсың дейтіндей енді менен
Қашсан да,
Тығылсаң да қайда барып.



ЖАТСАМ-АУ БІР

**Кектемнің иесеріндегі құйылмаған,
Шабытсыз шабан шақтар қыны маган.
Қазыққа арқандаған арғымақтай,
Бір жерді айнала оттап шыырлаған.**

**Сәбидей тұсауы әлі қыылмаған,
Шабытсыз шабан шақтар қыны маган.
Жанымнан барады етіп үақыт-тұлпар
Жалт етіп бәйге атындаған құйындаған.**

**Дауыл ма соқпай тұрған,
Жауын ба өлде,
Төбесін бұлт бүркеген тауым ба әлде.
Еңсемді дел-сал қылып көтертпейді
Шабытсыз шақ бәрінен ауыр ма өлде.**

**Білмеймін қанша күнге созыларын,
Білмеймін шабыт қашан сез ұгарын.
Кектемдей жатсам-ау бір жайып салып,
Жемыратып қырқыларға қозы-лағын.**



ҚАЛДЫРЫП ЖАСТЫҚ ЖАҒАНЫ

Ақжал толқындар жағаны жатыр ұрғылап,
Жартасқа соғып,

Бір шапшып көкке.

Бір құлап.

Алыста —

Айдын төсінде жалғыз жел қайық
Кетіп барады сағымға батып, бұлдырап.

Қарап тұрмын мен —

Көріністен сонау көз алмай,

Толқынмен ойнап,

Делебем кей сөт қозардай.

Жел қайықпенен жургендей бейне сезінем,
Айдын бетінде алау-арманнан оза алмай.

Тербетіп солай тағдыр — өзеннің толқыны
Кім білсін,

Мына тірлікте қанша толқыдық.

Ризамын бірак,

Ризамын әр кез өмірге

Арнамды дәйім —

Арманға қойса толтырып.

Осынау сәттер —

Толқын тербеген қас қағым

Оралып ойға:

Балауса шағым,

Жас шағым,

**Келеді мына айдындағы үлкен өмірді
Жағалаудағы жартастан қайта бастағым.**

**Барады қайық,
Қайрылмай кетіп барады —
Ағады өзен,
Өмір де бірге ағады.
Солармен бірге —
Барамын мен де Ілесіп,
Қалдырып жастық жағаны,
Қалдырып жастық жағаны.**



ҚУМАСЫҢА ҚОЙМАЙДЫ

Тұн.

Ай жоқ

Жұлдыз да жоқ,

Тас қараңғы—

Зер шашып көрінбейді аспан әрлі.

Баспасаң аяғыңмен байқамайсың

Алдыңа сылқ еткізіп тастағанды.

Тас қараңғы —

Меңіреу дала сұлық.

Шеп аүшп,

Өгіз құлап,

Шана сынып...

Аяқ асты пәлеге тап болғандай

Жүргегің өрекпиді аласұрып.

Қап-қараңғы,

Айналаң көр сияқты,

Артың — құз,

Алдың — шатқал, ер сияқты,

Айсыз тұн,

Меңіреу дала,

Айнала аран

Алдыңа жайып салар мол сұрақты.

Сол сәтте көрінеді жарық сәүле —

Жақын ба,

Біле алмайсың алыс па әлде,

Үміттің үзілмеген талшығындай
Шақырар алдарқатып зарықсан ғе.

Құасың сол сәулені,
жеттім дейсің,
Елігіп барған сайын екпіндейсің.
Алдыңда алдамшы арман — тұнгі жарық
Қай тұста ұстарыңды тек білмейсің.

Тұлкі арман бір жақында, бір алыстап...
Көлбендең көз алдыңда тұрады ұшпақ.
Кей сәтте аяулық бол көрінеді
Қарсы алған қыр басынан шырақ ұстал.

Өзіңе жетпесіңді жүз ұқтырып,
Үмітіңді біржола үзіп тұрып
Құасың сол жарықты,
Құмасыңа
Қоймайды арман шіркін қызықтырып.



ҮШ АСУДАЙ

Жас едім мен —
Өмірден аз көргенім,
Асылында кінәм болмас ол менің.
Көп жайларға кезігетін күндегі,
Назар салып,
Көңілімді белмедім.

Жігіттердің тобына алғаш қосылғам —
Бір қария сұрақ қойды тосыннан:
«Досыңын деп көп айтады кейбіреу,
Айырдың ба соны сен шын досыңнан!

Қияға ұшып,
Кекке құлаш сермеген
Кезігерсің талай-талай пендемен.
Олардың да айырмасы болады —
Айтшы, балам,
Кім сеніңше ер деген.

Кекірері алаулаған арай бол,
Бұл фәниден талай өткен,
талай кеп.
Жомарт жайлы көп айтамыз тағы да,
Ал сен соны түсінесің қалай деп!»

Ел таныған Ер кім,
Жомарт,
Досым кім!

**Таба алмадым дәл өлшемін осының.
Өмір деген Ұлы жолда мен алғаш
Үш сұраққа жауап таппай тосылдым.**

**Тіктей қадап қария қос жанарын,
Қайталады жаңағы үш сауалын.
Өміріңе сабақ болсын дегендей,
Содан кейін қайтарды өзі жауабын.**

**Тағдырдың да тайғақ тартар шағы бар —
Тасқа тиіп тауың кейде шағылар.
Сонда, балам, шын Дос қана айнымас —
Қысылғанда қасыңнан сол табылар.**

**Екіталай қауіп-қатер келсе күн,
Айбар емес тағып жүрген семсерің.
Батырым деп көтермейді төбеге
Ерлігінді көрмесе өзі Ел сенің.**

**Халық — қазы,
Босқа атақ бермейді,
Кез келгеннің соңынан көп ермейді.
Ел басына күн туғанда қол бастан
Кім шыға алса,
Соны ғана Ер дейді**

**Дариядай тартылмайтын кемері —
Жомарт жандар сирегірек келеді.**

**Анық жомарт өзі жағу қалса да
Жолаушыға атын түсіп береді...**

**Үш асаудай —
Тірліктің үш сауалы
Алда да көп мен шығатын тау әлі.
Соны ғана ұқтырғандай ұлына
Көпті көрген қарияның жаубы.**



ОЙЛАҒАНЫМ — ЖАҚСЫЛЫҚ

Қалада да
Далада да көп болдым —
Қиял жүгін қанжығама бектердім.
Қуанған да,
Қиналған да кеziм бар,
Бір басымнан талай күйді еткөрдім.

Жүрдім талай жолдарменен бұралаң,
Кезіктім де қанып іштім тұмадан.
Сүріндірмек болған кездे бір адам,
Қолтығымнан сүйеп қалды бір адам,
Содан болар,
Жүрмін әлі дін аман

Кей жамандық жүрсө-дағы құса ғып,
Кеттім тағы сол демеуден күш алып.
Өмірдең жақсылықпен қашан да
Зұлымдықтың жолын талай тұсадық.

Ұзақ ғұмыр —
Тегіс емес жол да аса,
Жылыштың ұғады кім тоңбаса.
Жақсылықтың мерейі үстем болар ма —
Қатар жүрген жамандығы болмаса.



МЕН БОЛМАСАМ...

**Сен ренжіп кеттің-ау,
Білем, білем...
Өзім-дағы соны ойлап жүрем кілең.
Өкпелейтін жөнің бар,
Мен — ағамын,
Мен болмасам кімдерге ренжір ең.**

**Өкпе де емес,
Ол бәлкім еркелігің —
Аға жоқта ініні ертеді кім?
Мен өкпелей алғам жоқ сен сияқты,
Соны ойласам жүректі шертеді мұң.**

**Арман таулар!
Шығар шың-құзына кім —
Соны ойласам тағы да бұзыламын.
Кейде тіпті өкпешіл,
әрі өктемшіл
Саган, бауырым, керемет қызығамын.**

**Білемін,
Мені биік бел көрерсін,
Ағам ақын деген соң,
Ел не десін.
Әрқайсымыз бірақ та әр бағытқа
Мініп кеттік үақыттың жел кемесін.**

**Алғаш сен кеп,
Содан мен саған барып,
Бірімізге біріміз алаңдадық.
Бара-бара арамыз ағытылып,
Жеке-жеке жол тарттық тарамдалып.**

**Солай екен,
Бас алып бір қайнардан
Қанша бұлақ жол ашып зырлайды алдан.
Әрқайсысы табады өз арнасын
Тірлік барда әйтеуір тынбайды арман,**

**Шүкірі
Қазір өзің де бір арнасың,
Талай бұлақ саған да бұрап басын.
Сейтсе-дағы білемін,**
**Маган мәлім
Өкпе арқалап ағасыз тұра алмасың.**

**Кеттің, иә, ренжіл —
Білем, білем...
Өзім-дағы соны ойлап жүрем кілең.
Бары жақсы өкпе артар адамыңың,
Мен болмасам кімдерге ренжір ең.**



БАРА АЛМАП ЕМ

**Жылдағы әдетімнен жаңылғандай —
Биыл жазда ауылға бара алмап ем.
Бара алмап ем,
Бірақ көп алаңдап ем,
Жетті хаттар дем алып екі иіннен,
Сағыныпты-ау жарықтық анам да ерен!**

**Содан болар,
Хаттардың күйі мұқты —
Анам шындал ұлына шүйіліпті.
Ата-бабаң ескен жер — Есіл бойы,
Көшіл кел,— деп,— кешікпей!
Бұйырыпты.**

**Бұйырыпты —
Жөн-ақ қой бұйырғаны,
Мені есірген сол жердің түйір дәні.
Қарт анаға түсіну қандай қын
Күйі-жайын ұлының қырырдағы.**

**Жүр дей ме екен сағынбай ұлы ауылды,
Артты арқама откен жыл кіл ауырды.
Біраз жаттым жөндөліп емханада,
Босатып ап құлақ күй бұрауымды.**

**Шалғай кетсең, бір түрлі жол да қатсақ,
Ана-мына тіршілік —
Ол да қаптал.**

**Қанат байлап ұшсам-ау дей жүріп те,
Шыға алмадым саулықтан қоргалақтап.**

**Ата-бабам ескен жер,
Мен ескен жер...
Шақыргандай қол былғап дөңес белдер.
Жасыл төгай,
Ерке Есіл
Ақ қайыңдар,
Жағалауы балқұрақ күміс көлдер.**

**Шақыргандай бәрі де кел деп ұлын,
Шығарған жоқ жадымнан мен де бірін.
Астанадан әйтеуір жібермей жүр
Ақындығым және де пенделігім.**

**Рас көңіл шарқ ұрып шығандайды
Сейтсе-дағы анасын кім алдайды.
Қалажанды келінің, үш немерең
Тағы бір күн қаласыз тұра алмайды.**

**Ана шіркін бәрін де жебеп, шыдар...
Толып жатыр әр жерден терек, шынвар.
Деп ойлаймын және де —
Астанаға
Өрнектен де бір ақын керек шығар.**



МЫНА ЖАЛПАҚ ҒАЛАМДА

Мына жалпақ ғаламда —
Кезігесің алуан-алуан адамға.
Жақсылар да,
Жайсаңдар да бар онда
Бірақ, бірақ таңырқама
Өмір атты ұзақ жолда ұшырассаң жаманға.
Жұмыр жердің ойы-қыры секілді
Адамдар да не түрлі.
Біреу сенің шиедей тып бетінді
Қаралайды аппақ әдал ииетінді.
Біреу саған әрі-сәрі —
Түсінбейсің.

Тағатыңды ол тауысады.
Досың менен қайсысы көп қасыңың,
Сол жағына ойланбастан ауысады.
Енді біреу ойламаған жеріңнен
Сэттерінде жамандықтан жерінген,
Көңіліце құйылады шуақ бол,
Мына өмірге қарасын деп сеніммен
Жамандықты ұмытасың тегінен.
Табигаттың бізге берген үлесі —
Арамдық пен Адалдықтың күресі.
Өмір мәңгі екеніне сенсең шын,
Жақсылықтың жеңерін де біл осы.
Міне, осылай — Мына жалпақ ғаламда
Кезігесің алуан-алуан адамға.
Тек тірліктің туп қазығы мызғымас —
Жамандардан жақсылар көп әманда.

ЖЫЛДЫҢ ТӨРТ МЕЗГІЛІ

Пендеңіз той,
Қателік те тән бізге,
Пендеңіз той,
Өмір серік ән бізге.
Пендеңіз той,
Көктем келсе қуанып,
Көңілсіздік оралады әр күзде.

Сондықтан да жылды төртке белеміз,
Бірін артық,
Бірін кемдеу көреміз.
Ал, шынында әрқайсының өз орны
Барлығына жетпей ме осы өреміз.

Әлкемізге жадыраған жаз келіп,
Айдындарға аққу, үйрек қаз... қонып,
Дүниені думандатқан шақтарда
Жас балаша қаламыз бір мәз болып.

Жадыраған жаздың жайсақ ажары,
Тарқамайтын тіршіліктің базары.
Қырға шықсақ айлы кеште —
Алыстан
Естіледі құрбылардың наз әні.

Дарқан дария, шалқып жатқан күз қандай,
Бар байлығын ұсынады қызғанбай
Хош айттысқан әнші құстар керуен!
Сейілінен қайта оралған қыздардай.

Кербез дала жатады бір көріліп,
Маужырайды тәтті ұйқыға беріліп.
Кейде бәрін астан-кестен қылады
Азынаған ақ бораны желігіп.

Жапалақтаң қар жауады,
Бұрқайды —
Бәрілер жүр жайғатсақ деп бір тайды.
Ал, табиғат —
Қамқор өже секілді
Жер-ананы қалыңырақ қымтайды.

Қыс қауқарсыз өз мерзімі өткенде,
Қараши ана түлеп тұрган бектерге,
Мал да,
Жан да жайнап сала береді,
Күндер үзап,
Ұласады кектемге.

Жайсан дала көз тартады әрімен,
Дүние думан,
Дүние сұлу,
Әрі кең...
Кектем сірә сонысымен қымбатты
Жылдың басқа мерзімінің бәрінеи.



ҰЙҚЫНДЫ ҚАНДЫРЫП АЛ

Ұйықта, балам!
Ұйқынды қандырып ал —
Тіршіліктің әлі көп бал күні бар.
Мең-зен болып жүргенің жараспайды —
Тараған жоқ далада таңғы мұнар.

Ұйықта тыныш,
Ұйқынан қалма, жаным,
Аман жүрсөң ұгарсың алда бәрін.
Ертегідей естілер айтсам егер
Балғын күнде ұйқымның қанбағанын.

Өзінен де жас едім —
Онда-ақ едім,
Сенікіндей тоным жоқ онда менің,
Сабан тасып,
Шеп тартып,
Мая салып...
Аязында ақпанның тоңған едім.

Адам вайтпас Арқаның аязы бар,
Тоңбағандар оны да саяз ұғар.
Тығып алған қойынға жарты күлше
Тоқтық емес,
Бойыңа жаяды ызғар.

Өліп-талып іңірде ораламыз —
Жол бойында сан қылы болады аңыз.

**Арық-тұрақ өгізді өлмессін деп,
Неше жегіп,
Неше реі дөгарамыз.**

**Көктем келсе,
Диқанбыз —
Жер айдаймыз,
Бас білмейтін өгізді жеге алмаймыз
Сонда-дағы:
— Шама жоқ мынау іске,
Не болмаса шаршадық,— дей алмаймі**

**Соғыс бізге қалдырмай ерке қылық
Бұғалықтаң түсірді ерте құрық,
Қоғамдасу жайын да ерте ұғындық —
Отынға деп әкелген ағашты да
Үй жылышттай,
Соқаға терте қылдық.**

**Ұйқымыз да аз болды,
Күлкіміз де —
Балалықтың бұзылды шырқы бізде.
Сол күндердің бір күнің қызығы мол
Таба алмадым кейіннен мың күн ізденеп.**

**Балалық шақ!
Бал дәурен күлкің балдай
Өте шықты зымырап,
Шіркін қандай.**

Соны ойласам,
Боламын әлі күнге
Жүрген адам секілді ұйқым қанбай.
Ұйықта, жаным!
Ұйқынды қандырып ал,
Тірлігіңің қазірде әр күні бал.
Мең-зең болып жүргенің жараспайды
Тараған жоқ далада таңғы мұнар,
Ұйықта тыныш —
Ұйқынды қандырып ал.



МЕН СЕНЕМИН

Құйқылжыған алуан ырғақпенен,
Сан әуенді күніге тыңдал келем.

Тыңдал келем —

Егіліп, елтіп дәйім,
Кезі келсе өзім де жырлап берем.

Жан тербердей —

Көп еді жақсы ән қандай,
Мөлдір бұлақ —

«Тұмадан басталғандай.
Қалай ғана тыңдаудан жалығарсың
Шөліркеген сезіммен жатсаң қанбай.

Ауысады бір әүен бір әүенге,
Ұмыттырып басқаны бұл әлемде.
Тусам керек о бастан әнмен бірге,
Әнсіз өмір жоқ шығар сірә менде.

Сайрайды кеп бұлбұл құс таң алдында,
Содан асқан рахат таба алдым ба.
Уа, дүние, қызығы — думаны көп
Әлде өзің де осы әнен жараптың ба.

Абай айтқан:

«Естісін, есерін де...»
Тыңдал жүрміз —

Білмейміз есебін де.
Мен сенімін әйтеуір ана сүті
Жараптың әнменен десе бірге.



БАР БОЛСА БІР ҒАЛАМАТ...

**Сал домбыра күй төккен шанағынан
Шабыттанып, шарқ ұрып салады ән.
Аққу ару аспанда үнін қосса,
Шырқ айналып ұшады бала қыран.**

**Сезімдерді сырлы әуен баурап алған,
Сиқырың боп шығады қайда да алдан.
Тәңіріңдей ол сенің тап бастырган
Қор болып, кетпесін деп қайран арман.**

**Домбыра үні жерде де.
аспанда да...**

**Бәрін шертіп береді дастан дала.
Серік қылып Қүй — Құрман жабырқаса,
Сырласыпты қамаудан қашқанда да.**

**Айта алмаймын —
Жасады ол қанша ғасыр
Бар болса бір ғаламат баршаға асыл
Сол — осы домбыра ма деп қаламын
Шертетін ұрпақтарға тамсана сыр.**

**Айрылып аққуынан айдын ана
Қанша рет қолаң шашын жайды дала,
Ел босып,
Қара орманы қайысқанда
Төгіпті ол қос Ішегінен қайғы-нала.**

Көкірегін қанды жасқа бұлап ана —
Жарықтық,

Не көрмеген мына дала!
Соны да береді айтып сал домбыра
Оралып «Алқакөл» мен «Сұламаға».

Қайғыдан құса болып, кегі қайнап
Мейніна батырлардың келі байлап
Асылын аздырғанда Тұған елдің
Зарлаған ол да бірге «Елім-айлап».

Тірліктен түңілткендей жұт халықты
Таппаған ешкім мұндай мықты алыпты.
Құйып ап хан қаһарын көмейіне
Өлімнен дүйім елін құтқарыпты.

Бір көрген қуанышын азаппенен
Домбырадай сыралғы аз-ақ дер ем,
Өмір бойы ол өнерге өріс беріп
Бірге жасап келеді қазақленен.



* * *

Сен қарайсың,
Қарайсың сен көз алмай,
Сол қарастан төзімім де тозардай.
Сан бәйгенің алдын бермей келгенде,
Қалдың дейсің бүгін қайтып оза алмай.
Қалдың дейсің бүгін қайтып оза алмай.

Мен отырмын намыс буып,
Төзе алмай.

Өзінді өзің қайрағанмен қаншама,
Амалың не күш жоқ болса озардай.

Сал сезімнің сөйлейтүғын мың тілде,
Кім біліпті бұзатынын шырқын не.
Қанша жүйрік болғанменен

Өмірде

Өне бойы оза беру мүмкін бе!

Мүмкін емес —
Көну керек оған да,
Өмір — ағын,

Алға асыққан толы арна.

Атасынаң баласы озып тумаса,
Тіршіліктің мағынасы болар мән!





СЫР САНДЫҚ



СЕН ҚАЙДАСЫҢ

**Сен қайдасың,
Мен сені іздел жүрмін әлі де,
Өткен менен кеткеннің хабар салып бәріне.
Жадау тартып жанымның
Жасыл желек жайлауы
Өзіңменен бір кетіп қалған сынды сәні де.**

**Сен қайдасың,
Аяулы арманымның арнасы,
Бақ жұлдызыым —
Арайлы таңдарымның жалғасы.
Құлазиды көңілім өзінді іздел бейуақыт,
Жағалауда желкендей —
Жапа-жалғыз қалғасын.**

**Сен қайдасың,
Жырақ па,
Жанымда әлде жүрмісің —
Кекіргімде мәуелеп,**

Шешек атар гүлмісің.
Жұмбақпышың шешілмес,
Тылсымбысың,
 Кім білсін,
Көз алдында әйтеуір
Өзің болып ерте-кеш
Елестейді бір мұсін,
Елестейді бір мұсін.

СЕНІ КӨРДІМ...

Мен сені көрдім
Алатаудың алмалы бақтарында,
Құрбыңменен гүл терген шақтарында.
Бата алмадым,
 Батпадым жақын барып
Жан сырымды өзіңе ақтаруга.

Мен сені көрдім
Тамылжыған вальстің ыргағында,
Кербез жігіт келісті жүр жаныңда.
Осы жолы шақырсам деп ойлап ем,
Тағы әкетті бата алмай тұрғанымда —
Хақым да жоқ әрине қызғануға.

Мен сені көрдім,
Қыз жолдас бол бүп жолы тойға келдің —

Сәті түскен шыңар деп ойлап едім.
Бұрын барып бір жігіт қағып кетті
Батылдығым, япыр-ау, қайда менің.

Содан қайтыя көрмәдім,
Көре алмадым —
Кете берді қеудеде толы арманым.
Бақ құсындай қондырып алақанға
Аяулы аялаушың бола алмадым.

Жылдар етті —
Тағы да жолықтырдым,
Жарың бар,
Нәрестең бар,
Бақытыңа қуанып,
Көріп тұрмын.
Қызғанып та,
Айтары жоқ,
Жер болып, өліп тұрмын.



СЫР

Қырықтарға қиялап барып қалған жасымыз,
Жүрер жол мен баар жер анықталған басымыз,
Аға деген атаумен бұйдаланып бұл күнде,
Қыздарға да қараудан қалып қалған басымыз.

Ағалықтың жол-жөні осыншалық ауыр ма,
Қоңыр күзде малшынып қара нөсер жауынға.
Жүректерді маздақтай алаулатып,

Кеш саймы

Келе алмайтын болыппыз
«ЖенПИ» деген ауылға.

Зымыраумен өтеді

Құс қанатты күндерім,
Өкінем бе кей-кейде —
Оны өзім де білмедім.

Қартаймайтын секілді

Аққулардың аулына
Келіп жүрсе кімде-кім,
Сұлулыққа құдайдай
Сеніп жүрсе кімде-кім.



ҰЙҚЫҢ, ЖАНЫМ, ҚАНДЫ МА!

Шырқ айналып терезеңің алдына
Бұлбұл қонды,
Ұйқың жаным, қанды ма!
Тәтті әуенмен тамылжыған таңдағы
Жүргегімнің сағынышы барды ма!

Алаулаған ақ жанымдай —
Таң мына
Саған, қалқам, сөүле түсіре алды ма!
Түсіре алса,
Сол сәуледей меп-мелдір
Менің тұнық махаббатым бар мына.

Бұлбұл әне,
Тербетеді әнменен
Албырайды,
Балбырайды бал дeneц.
Жаныңдағы сұлулықтың шын сырын
Ұғына алмай жүр ме екемін әлде мен.

Тербеткенде,
Тебіренткенде құс келіп,
Тәтті ұйқыда жаттың ба әлде түс көріп.
Аялаған әнші құсқа қызығып
Ұш бұрылдым,
Терезеңе үш келіп.

Шырқ айналып терезеңнің алдына,
Әнмен тербеп манаураған таңды да,
Бұлбұл қонды —

Жүргегімнің жаршысы

Тұршы, жаным,
Ұйқың әбден қанды ма,
Ұйқың әбден қанды ма!



АППАҚ АРАЙ

Қазақстан Ленин комсомолы сыйлығының лауреаті
Халықаралық «Алтын орфей» жүлдесінің жеңімпі:
Роза Рымбаеваға.

Қараши әні,
Айнаға қараши әні,
Сұлулықта кім, қалай таласады,
Айналайын.

Мен білсем, саған тегі
Ақ кейлекің айрықша жарасады.
Шашың қара,
Қыылған қасың қара —
Сұлулықтың сиқыры осында ма!
Дүниедегі бар түстен саған, жаным,
Ақ түс қана қонымды расында да.

Қараши кәне —
Айнаға қараши тағы,
Ағаң сірә тап басты,

Адаспады.

Бәлкім, анау ақ кейлек үстіңдегі
Ақтығымен жаныңың жарасқаны,
Пәктігімен жаныңың жарасқаны.

Әнің қандай,
Келіскен сөнің қандай,
Көз алдында толқисың сағымдардай.
Сенің үнің тербетіп,
тебірентіп...
Билеп алды сезімді,
Жанымды арбай.

Аппақ арай —
Айналаң ала таңдай,
Болашағың биікте —
Қара талмай.

Көкжиектен көрінші,
көрінші бір
Айға ұмтылған ақ қанат белапандай.

Сыр қала ма ақында айттылмаған,
Ұсынбады қызығын қай күн маған.
Мына менің жазира, жалқын далам,
Талай-талай сиқырлы әх тыңдаған.

Елти тыңдал ойнақы, қылышты әнді
Бүгін міне тағы да тынып қалды.
Табысыңмен,
Тай тұллар шабысыңмен
Қуанта ғер осылай халқыңды әмән.

Әнде мынау кеңілдің жарасымы,
Әнде мынау жазира дала сырьы,
Әнде, қалқам, еліңің бар асылы
Жан тебірентер жақсы әнді тыңдайды үйып
Қалың орман,

Айдан кел,
Тау асұы...

Ел мерейін көтеріп сол үшін де
Шарықтай бер, кішкентай қарашығым,
Дүниеге жеткізіп дала сырын —
Қастерлеген халқыңың жан асылын!

ЖӘНЕ ДЕ

Тағдыр салмақ салмақ па жүректерге
Ойда жоқта кезіктік жыл өткенде.
Айтшы, кәне, өңіңе мұң үялап,
Қапелімде жаныңды жүдеткен не.

Ұнсіз қалдың,
Мен де сөз таба алмадым
Көңілім — маздақ,
Бірақ та жанарда мұң.
Ер намысы,
Көзіме жас келмесе
Қалай айтып жеткізем саған бәрін.

Сен де жайды бажайлап сұрамадың,
Іздегендей басқаша бір амалын.
Мөлдір шықтай қос тамшы түсті үзіліп
Бәлкім сезім сыр берді —
Шыдамадың.

Өзгерменесің дегенмен қазірде де —
Ерте түскен жүзіңе әжім неге.
Ерке назды күлкің жоқ бұрынғыдай
Бұрынғыдай құлқың жоқ әзілге де.

Күліп тұрдың,
Сол замат жылап тұрдың,
Қасымдасың —
Бірақ та жырақ тұрдың.
Қыны екен жақынның алыштығы,

Қыны екен,
Амал жоқ, шыдап түрдым.

Қыны екен бүтіннің бөлінгені,
Ұға алмадым,
Іздейді көңіл нені.
Бұл менің ең керемет қуанғаным,
Қиналғаным және де өмірдегі!



АҚ ТҮС

**Ақ қайындар арасында ескеннен бе, білмедім,
Өмір бойы бір ақ сәуле еліктіріп жүр мені.
Өмір бойы ақ күн болып туатындаі алдынан,
Аққу сынды аппақ арман жетелейді ілгері.**

Неге екенін айта алмаймын,
Айта алмаймын тәптіштеп,
Мен әйтеуір ес білгелі ғашық болдым ақ түске.
Ақ бұлттарға қол созушы ем айлы түнде оянып,
Ақ көгершін төбемдері көрінетін бас құс бол.

Бір арнада тоғысқандай ақ арманым ақ күнмен,
Ақ сағымның арасында шалқып келе жатым мен.
Омырауына алқа тақсан алвулаған ақ гүлден,
Арайлымды,

Аяулымды аппақ түстен таптым мен.



* * *

Адамдар — көктемсіңдер,
Нұр болып құйылатын.
Жыр болып құйылатын
Меп-мәлдір таңғы шықтай
Гүлдің алақанына жиылатын.

Адамдар — көктемсіңдер,
Бәрің де көркемсіңдер,
Бәрің де өркенсіңдер,
Бәрің де нөсерден соң
Қаулаған өртеңсіңдер,
Әйтейір көркемсіңдер.

О, менің асылдарым,
Қуатты жасындарым
Қаулаған кезінде де,
Лаулаған кезінде де
Сендердің қасыңдамын.



ДАРИГА — ЖАСТЫҚ

* * *

Балапан құстай қияға
Қанатын алғаш сермеген
Балауса шақта мен неге,
Мен неге сені көрмегем.
Өкініш билеп алардай
Өткен күн кейде бір тылсым
Көңіл де кейде пара-пар,
Құлазып алған көлменен.

Мұнымды менің теріске,
Телімесе екен әлдекім
Сен маған, қалқам, кешіргіп —
Кешіргіп келген таң ба едің.
Әлдебір нұрлы сәүле ме ең,
Жалт етіп қайта жоғалар
Құмарым қанбай, бір тыңдал
Қоярдай арман ән бе едің.

Ән бе едің, қалқам, кеудемнің
Мұңын бір сәтке қозғаған
Құйімді ұғып,
Інгендей ботасын Іздел боздаған,
Сенен де отіп кетеді-ау,
Қызғалдақ дәурен, қарағым.
Дарига — жастық кімдерден,
Кімдерден сірә озбаған.

ТҮСІНБЕДІМ

Жаным-ау, түсінбедім —
Кіріп шыққан өзгенің ішіне кім.
Ашық айтсаң қайтеді алаң ұылмай,
Мен сенің алдарқатар кісің бе едім.

Мұның не —
Ұға алмадым,
Сен гой деуші ем,
Бар болса бір арманым,
Жетелеп ем биікке жеткізсем деп,
Орта жолда тоқтадың,
Шыға алмадың.

Шыға алмадың,
Қайтейін шыға алмадың,
Өзінді де,
Мені де мың алдадың.
Қарайлаумен артыма қапа болдым,
Қияр ма адам тастауға шын ардағын.

Қия алмадым,
Кеп тостым,
Қарайлайдым,
Көрсетсем деп арманың арай бағын.
Ойнаймын деп от басып алма, жаным,
Сақтандырам —
Әлі де абайлағын.

Түсін мені —
Қиянатқа досты адам қимайды екен,
Бір жүрекке қос сезім сыймайды екен.
Жақсылықта баспайсың
Жамандықта қалдыру —
маған ауыр
Осынысы-ақ жаныңды қинайды екен.



СОЛ ӘН СЕНБІСІҢ

Арайлы таңан иұр алған,
Шыңдағы биік шынардан —
Шақырды мені қол бұлғап,
Шақырды сұлу,
Шақырды сұлу,
Шақырды сұлу бір арман.

Су ала барып тоғаннан,
Жалт беріп қайта жоғалған.
Таптырмай кеткен кешегі
Сенбісің сәулем,
Сенбісің сәулем,
Сенбісің сәулем сол арман.

Ауып түгелдей аңсарым,
Арманды сол бір аңсадым.
Еркімді алған елестей
Жете алмай соған,
Жете алмай соған,
Жете алмай соған шаршадым.

Алаулап атқан тақдарым,
Ұқтырды сұлу ән барын.
Таптырмай қойған кешеден
Сенбісің сол ән,
Сенбісің сол ән,
Сенбісің сол ән, ардагым,



ДАЛА ҚОСЫ

(Толғай)

Асылым, Арқа — аяулым,
Асылым — ата мекенім.
Түнде де міне ояумын
Жырың бол жүйтікіп жетемін.

Мен сенің ойы-қырыңды,
Самалың болып кеземін.
Ұққанша барша сырыйнды
Үйқының бермен кезегін.

Қиялмен ұшып аспанда,
Қараймын кейде биіктен.
Жалаңдай түсер жас жанды,
Отыңды бойға құйып бер!

Тусырап жатқан бай дала —
Кілемдей бейне құлпырып,
Ақ айдын сынды айналаң,
Ақ бидай қырда түр тұнып.

Даланың көріп келбетін,
Ойменен кейін шегінем.
Түрен сап алғаш жерге тың,
Диқан бол егін егін ем.

Ойымды судай салырып,
Жүйткінді міне жел ескек.

Жүретін дәйім шарқ ұрып,
Кетеді сол сәт елестеп.

Қыырдан әрбір аттанып,
Тоғысқан бізде жолдары.
Тұрарлық айтсам мақтанып —
Ғажап күн екен ол-дағы!

Ағылған сонда қызы-жігіт
Мәскеуден, Баку, Киевтен...
Жанында алау,
Ізгі үміт
Уа, жастық, қандай сүйікті ең?

Болмаса жайлыш үй мейлі,
Даланың қосы — тұрағы.
Ән салып,
Бірде билейді,
Әңгіме-дүкен құрады.

Мақтайды кейде қаланы,
Мақтайды думан-қызығын.
Айтысып бірде қалады,
Қос басы дәйім қызу үн.

Ерте де, кеш те тынбайды,
Жаңғыртып сол үн даланы.
Бірі айтса бірі тыңдайды,
Сонысы жанга жағады.

Қос басы дәйім қызу үн,
Еске алса жігіт қаланы,
Еске алса сұйген сұлуын,
«Бұртаңдап» қыздар қалады.

Өтеді күндер осылай —
Бір таң мен бір таң алмасып
Білмедім сонда, досым-ай,
Қанша өмір кетті жалғасып.

Даланың қосы қос емес,
Махаббаттардың ордасы,
Кегеріп талай кесеге,
Басталды жарқын жол басы.

Басталды жарқын жол басы,
Осынау әсем алқаптан.
Өмірге шықты қолдасып,
Талай жас сүйіп жар тапқан.

Даланың қосы қос емес,
Жастардың болды отауы.
Кегеріп талай кесеге
Өн шарлап кетті жотаны.

Айтылған сыр да бар өлі,
Бүгінде соның бәрі ыстық.
Оттан да еткір алауы,
Арманмен алғаш табыстық.

Бір жасап қалам тағы мен,
Кеңіксе абзал достарым.
Бәрінен ыстық бәрінен —
Даланың сонау қостары.

Ол қостар — жәй бір қос емес,
Жастардың жарқын ордасы,
Көгеріп талай көсеге,
Бастала бермек жол басы!



ҚАЙТЕЙІН

Онда мен нешеде едім —
Сен маған ересектеу көрініп ең,
Басымнан сипағансың,

Соны білем.

Жәудіреп жанарыңа жалтақтағам
Кіршіксіз сәбидің пәк көңілімен.

Көп жыл етті,
Ұмытыппын —
Онда ма,
Сол кезде осы он бірде ме ем,
Білмеймін,
Сені жақын көрдім неге.
Күлімдеген қос жанар ескерткіштей
Қалып қапты-ау көзімде,
Көңілімде де...

Онда мен нешеде едім,
Айта алмаймын тап басып сол арасын,
Болжам жасау әр кезде бола ма шын
Неге сонда қарадым көп қадалып,
Бала құстай сыпырган томағасын.

Сіра уақыт әкелген төзім білем,
Содан қайтып көрмеппін өзінді мен.
Қарақаттай мына қос жанарыңды
Таныр ем ғой сэтте де көзімді ілген
Қайтейін,
Көрмей жүрсем өзінді мен!!

НЕ ЕТСЕМ ЕКЕМ!

Бұған дейін, жаным-ау, қалай-қалай

Бірімізді біріміз абайламай

Жүргенбіз:

Бүгін ғана күнім күліп,

Шыққандай аспанымда арайлап ай.

Мына тағдыр мойныма не жүктеген,

Өмір — орман,

Нұларын кеziп келем.

Ең болмаса осыдан он жыл бұрын,

Он жыл бұрын қалайша кеziкпегем.

Өмір — орман,

Арасы қалың жыныс,

Жүрегім — ерт,

Дегендей жалынды құш.

Сені көріп көзілім шүақтады,

Жабырқаған жанымнан арылды қыс.

Менің күйім сезімге — мастың күйі,

Күн нұрынва балқыған тастың күйі.

Не болмаса ұмытып өзін-өзі

Он сегізде от кешер жастың күйі.

Не етсем екем,

япырау не етсем екем —

Жастығыма қайтадан жетсем бе екем.

Сейтіп, жаным, өзіңмен өмір-бақи

Біржолата адасып кетсем бе екем,

СЕҢІ КӨРМЕСЕМ...

Алатауымдай баурайы майса, жоны қар —
Мына ғұмырдың тарам да — тарам жолы бар.
Сан тарау соқпақ сабылтып жүріп,

Кейде адам

Бірімен-бірі ойда жоқ жерде жолығар.

Біздер де солай,

Тосыннан тосын жолықтық,

Беймәлім әзір, қуандық, әлде торықтық.

Сыр жасырмайтын жәудір көздер-ақ сейлесті,

Сенсіз — мен,

Менсіз — сен жоқ екенсің,

Соны ұқтық.

Әрине қыны сезімнің жүгін көтерген

Сырымды сыртқа жайып алдым-ав бекер мен

Ризамын, қалқам, сонда да болса тағдырга

Сені көрмесем,

Арманда бәлкім кетер ме ем.

Күтіп жүргендей бақыт бол келер таңды алда,

Сені көрмесем,

Кетер ме ем шыннан арманда.

Ризамын, қалқам, ризамын осы тағдырга

Сенің барыңды білдірген мына жалғанда.



МҰҢДАЙМА

**Мұң бар ма, жаным, көңілінде —
Ашыға неге құмарсың:
Қысқантай ғана әмірінде
Адасып жүрген шығарсың.**

**Тірлікте мынау қым-құыт,
Тапсам дегенде жоғыңды,
Сағыңды біреу сындырып,
Кесті ме екен жолыңды.**

**Ашу ма,
Әлде арын ба —
Кім үғып, кімдер шамалар:
Жауқазын гүлдей жаныңда
Мен білсем,
Мұң бар, нала бар...**

**Төңірегің қандай буалдыр
Кек тұтін — бейне кек тұман,
Өңің де сондай қуаң бір,
Айыгар ойың жоқ бұдан.**

**Көзіңнің алды —
Қақ тұрып
Ақыздай кеткен қуарып.
Бір кезде жасыл бақ тұнып,
Қалғандай кейін суалып.**

**Бастауы құмға көміліп
Бітеліп қалған бұлақтай.**

Қабырғаң мұңға сөгіліп
Қойған-ау мүлде жылатпай.

Ақылға баймый тәуірі —
Түсінем бәрін,
Түсінем.

Ауырдың ең бір ауыры —
Сүйнған көңіл кісіден.

Тағдырдың жолы — сан тарау
Бағыңды талай сынарсың.
Тірлікте әлі, қалқам-ау,
Иіліп,
Бәлкім сынарсың.

Келтірген тауды сәніне
Шыңдағы бейне шынарсың.
Өзінді өзің әлі де
Байқамай жүрген шығарсың.

Мұңдайма,
Алда өмірің
Жүрерсің тәмен,
Кейде өрде.

Біреуге қалса көңілің,
Барлық жан соңдай дей көрме.



БАҚЫТТЫМЫН

Шыным,
Сырым,
Жарылғаным ағымнан —
Мен бұл күйден қайтіп,
Қашан арылам.
Сенсөң, жаным,
Сенсөң сені күніне
Күніге мың көріп жүріп сағынам.

Күлермісің,
Амалым не —
Күлсөң күл,
Тілерім тек —
Көңілінді шын сендір.
Көрінеді тәбем кекке тиғендей
Көз алдында аққұым боп жүрсең кіл.

Бұл азапқа төзбедің не,
Төздің не —
Көңіл ояу,
Тарс жұмұлы көз мұлде.
Сеziмінді бере алмайтын секілді
Құдіреті «ғашық» деген сөздің де.

Тәкір мені айырмасын барымнан,
Сағым сынып,
Тауым кейде шағылған.

Қыны екен,
Қыны екен бәрінен
Күніне мың көріп жүріп сағынған.

Кешір, жаным,
Артық кетсем өлшемнен —
Бұырқанды көңіл деген көл селмен.
Бақыттымын өмір бойы өзіңе
Сағынышым сарқылмастан өлсем мен!



ШОҚ ГҮЛ
НЕМЕСЕ АҒАҒА НАЗ

Бір шоқ гүл —
Достықтың дәнекері сіз жорыған,
Көріп ем жаңағана қызыңанан.
Шашылып жатыр міне жол үстінде
Нәзіктік —
Сұқ көздерден біз қорыған.

Кек,
Жасыл,
Қызыл,
Сары... алаулаған,
Сезімнің серпініндей жалаулаған.
Шашылып не себептен жатыр жолда,
Қимастай көз тоқтатып қарауға адам.

Айтшы, аға —
Не ұғып, не түсіндіңіз,
Неліктен еңсөңізді түсірдіңіз!
Ал, мен болсам —
Жанымды сұық қармал,
Қарып кетті сол замат ішімді мұз.

Айтшы, ағатай —
Әлде бос налыдым ба,
Біз ұқпайтын сыр бар ма әлі мұнда.

**Сонда-дағы гүл емес,
Иесіл үшін
Батады екен адамның жаны мұңға.

Болады екен япырау бұл сынды адам,
Мына жалпақ ғаламға кім сыймаған.
Мен бейбақты аядым жан-тәніммен
Сый білмеске —
Алаудай гүл сыйлаған.**





ТОСТ-ТІЛЕКТЕР



«ЖАҚСЫ СӨЗ — ЖАРЫМ ҮРҮС»

ТОЙ БАСҚАРУШЫ

Армысыңдар, ағайын,
Ортаңа жақын барайын.
Күй бабына келтіріп
Домбырамды қағайын,
Сосын бір әнге салайын
Тірлік болса,

Алда да...

Басқарам тойдың талайын.
Кім тұр екен кезекте —

Қыздарға бір қарайын,
Ұлдарға бір қарайын,
Тілек етсе той күні
Меселдерін қайтармай
Қабыл етіп алайын.

Ал, келіңдер,
Келіңдер —

Өтініш жазып беріңдер.
Күйеу жігіт көбейіп

Түсө берсін келіндер.
Оймақ ауыз,
Күлім көз
Үлбіреген еріндер,
Той басқарам тік тұрып
Қызыметіме сеніңдер,
Кәне, кәне —

Келіндер.

Мінекей қос құрбымыз —
Қадірлі дос құрбымыз
Әздеріңдей жастағы
Ата жолын бастады,
Ана жолын бастады
Арман болған кешегі
Бір асудан асты әні.
Деп тілейміз:

Эрдайым

Ашық болсын аспаны.
Тағы да айтар тілегім —
Бұлт шалмасын реңін.
Тыңдаپ түрған жандаймын
Екеуінің жүрегін.
Сондықтан да бұлардың
Не тілерін білемін.
«Әүелгі байлық —

Денсаулық!»

Мықты болсын дендер!
Жұрт таң қалар елдегі.
Бес ұл менен бес қызы
Болсын тағы ең кемі.

Іздеп жүрсін біздерді

Деп:

— Неге ұзақ келмеді.

«Екінші байлық» —

Ақ жауалық!»

Барлығымыз жиналыш,

Оны да бүгін сыйладық.

Бұдан соңғы дәүлетті

Сән-салтанат,

Сәулетті...

Өздері тапсын қиналыш!

Бол, бойдақтық, хош-аман,

Мен сол үшін тос алам!

КҮЙЕУ ӘКЕСІ

Терлет, қызым,

Қуанышым, көз нұрым,

Жақсы ісімен қатарыңан оз күнім!

Ата-анаңың ақ ниеті деп ұғын

Ақ тілеумен айтылатын сез бүгін.

Ата-анаңың ақ ниеті деп ұғын —

Келін, бала,

Ажырамас тел ұғым.

Елден бұрын төбем кекке жетеді

Десе біреу:

— Жақсы екен келінің!

Келін, Бала!

Ұға білсең, тел ұғым

Қуантқысы келсе егерде мені кім

Айтса болды аңқылдаған сөзіммен:

— Уа, қария, жақсы екен,—деп,— келінің!
Тарам-тарам тіршіліктің жолдары,
Сен арқылы мені табар ол-дағы.

— Уа, қария,

Кесірлі екен келінің!—
Деген сөзді естіртпесең болғаны.

Терле, қызым!

Терле!

Терле!

Қысылма

Көптің көзі менің бақыт құсымда.

Сыр алдырма қылыштың кезеңде,

Сыр алдырма өмірдің жаз-қысында.

Кел сүйейін маңдайыңнан,

Кел, күнім!

Ақ тілеумен —

Ақ отауга ен, гүлім.

Шайқап ішіп бал шарабын бақыттың

Қуаныштан мас болайын мен бүгін,

Ақ шаңқандай ақ ордаңа ен, күнім!

ҚАЛЫНДЫҚ ӘКЕСІ:

Баяғыда қыз берсе жылайды екен,

Көлдей етіп көз жасын бұлайды екен.

«Жат жүрттыққа жаралған бала гой», — деп

Балауына қалың мал сұрайды екен.

Енді міне

Заң басқа,
Заман басқа,
Баламайды ел қалыңдай арамды асқа.
Қызым сүйіп қосылды
 Өзіменен
бірге жүріп,
 Бірге ескен замандасқа.

Айтқаным той әшейін,
 Сырағысын,
Аңдасын деп жамағат сыр аңысын.
Кетеремін туғандар, осы тосты
Ұл-қыз ортақ —
 Құдағи, Құдам үшін!

Қуанышқа кеңілдер толсын өман —
Баяғыша жоралғы-жол сұраман.
Менің жалғыз тілерім той үстінде:
Ұл-қызымыз бақытты,
 Болсын аман.

Болсын аман,
 бақытты ұл-қызымыз,
Ұл-қызымыз —
 Жайнаган жүлдышымыз.
Соларменен еңеміз биік біздің,
Соларменен жоғары жүлдышымыз! —

Ал кәнекей, бауырлар
 Кетеріңдер!

КҮЙЕУ АНАСЫ:

Қадірлі көп!
Бәріңе айтам наzymды —
Бәріңе айтам,
Жасыңа айтам,
Жасамыс кәріңе айтам.
Шаттық толы қеудеме сыймай кеткен
Аналық жүргегімнің әнін айтам.

Бүгін — достар,
Мереке-думан күнім,
Көңілімді нұр сәуле жуған күнім,
Менің бүгін қайтадан Ана болып
Екінші рет өмірге туған күнім.

Ұлы арнасын бөгемек үақыттың кім,
Бүгін менің — Бақ күнім,
Бақыт күнім.
Ризамын, туғандар, тіршілікке
Кеудеме әкеп қадаған жаһұт гүлін.

Кекжиектен нұр сәуле төгілген соң
Шешек атып,
Көркейер көңілдер шын.
Менің тойда тілерім —
Қос қозыма
Жақсылардың әманда жолын берсін.

**Ақ тілеумен астасып жатсын әр күн,
Өгей тұтып,
Келінің жатсынар кім!!
Өмір бойы жинаған-тергенімді
Енді өзіңе құлымым, тапсырамын.
Тағы айтарым аналық жүргегіммен
Жолын берсін әйтеуір жақсылардың!**

ҚАЛЫҢДЫҚ АНАСЫ:

**Біреу еді баламыз —
Екеу болды,
Қараңыз.
Қыз ұзатып,
Ұл сүйген—
Бақытты ата-анамыз!**

**Қызымыз бен ұлымыз —
Көктегі Ай мен Күніміз.
Күә болсын халайық
Қатар өскен гүліміз.**

**Әже болу — тілегім,
Деген жанның бірі едім.
Жақсылыққа көрінгей —
Лұпілдейді жүргегім.**

**Әже болу,— тілерім
Деген жанның бірі едім.**

**Қуанышқа көрінгей
Алауласа реңім.**

**Еәрің — шекер,
Бәрің — бал:
Ал, халайық,
Алыңдар!
Аман жеткен бұл күнге
Менің Бақыт,
Багым бар,
Ал кәнекей, алыңдар!**

КҮЙЕУ ЖОЛДАС:

**Сырымыз да бір болатын,
Жырымыз да бір болатын.
Көктем сайын гүл теретін
Қырымыз да бір болатын.**

**Қуансақ та,
Бір қуандық.
Ұансақ та,
Бірге уандық.
Жарастығы естен кетпес
Бір өткіздік күнді барлық.**

**Көңілімізде күй тасыған
Дертіміздің шипасы да ән.**

**Жаралғандай көрінуші ек
Бір шумақтың ұйқасынан.**

**Өмір өзен ұзын ағын
Басқа екен-ау тұзы-дәмің.
Менен сені «тартып алған»
Құрбыма енді қызығамын.**

**Қызығамын,
Қызғанбаймын —
Бақыттан сәл қызғандаймын.
Ойлап түрмұн:
 Мені осылай
Қуантар деп қыздар қай күн.**

**Кәне,
Кәне —
Сол үшін де
Ақ шараптар толы ішінде
Бокалдарды көтерейік
Жасылықтың жолы үшін деп.**

ҚАЛЫҢДЫҚ ЖОЛДАСЫ:

**— Құрбым, саган не дейін,
Қалдым бірден сөз таптай
Бітелгендей көмейім.
Менің бүгін айтарым —
Сені, жаным, бұрынғы**

**Аңқылдаған күйінде,
Жарқылдаған күйінде —
Қуанышта көрейін.**

**Құрбым, тағы не дейін,
Айналаңың бәрі сын —
Жақының мен алысың
Әйел демей жай ғана
Азамат деп танысын.**

**Ақылдысың,
Білемін —
Сонда да бір тілегім
Енді сенің бойыңа
Ана мейірі дарысын.
Бірдей ұста шет көрмей
Ағайынның бәрісін.
«Кінә тақыш келінге ел», —
Деген сөздің бәрі шын.**

**Жезде, саган не дейін,
Ардақ тұтып өзінде
Асқар тауға теңейін.
Көрер болсам,
 Әрдайым
Асулардан көрейін.
Мақтанардай достарың
Биік болсын мерейің.**

Биік бола тұрып та,
Төменгі елді ұмытпа.
Қадірлей біл құрбымды —
«Қыз жүргегі құлышта».
Жамандарша ұрынба
Сылтау іздеп сыйныққа.

Таныт ерлік өреңді,
Тіперісің сен енді.
Ата-анаңдай ардақта
Қайын атаң мен енеңді.

Екеуіңе не дейін,
Ай мен Күнге теңейін.
Артық кеттім демейін
Қолдарыңды қысуға
Жақынырақ келейін.
Шамам жетсе тағы бір
Сөз маржанын терейін.
Тойларыңда толқытып
Ән мен күйді төгейін.

Айтсам сөздің ашығын
Шаттық кернеп тасыдым.
Же зем үшін көтерем
 Таңдал тапқан асылын,
 Құрбым үшін көтерем
 Талғап сүйген ғашығын.
 Ал, халайық, алыштар,
 Бұған жағас әнім бар!

ДОС ТІЛЕГІ:

Ағайындар!
Өмірге бала келді,
Бала келді,
Қызығын ала келді.
Көңілдердің шалқыған ұуанышы
Алаулаған жалындай жанады енді.

Біріце — аға,
Біріце — Іні-бауыр,
Әке болды,
Ендіті жүргі де аүыр.
Жас әкені,
Және де жақсы әкені
Құттықтауға жиналды бүгін аүыл.

Біріце — апа,
Біріңің қарындастың,
Ана болды,
Бетінен жарылғасын.
Пейілдері кең болсын,
Тарылмасын —
Жақсылықтан әмандада жаңылмасын,
Шаңырағы шаттыққа толы болсын
Ойын-күлкі,
Той-думан арылмасын
Сол үшін де қалдымай бір тамшысын
Көтеріңдер шампанды нәрі-жасың.

* * *

Жетіге толды —
Мектепке барды тұңғышың,
Жинадың үйге
Дос-жараныңың күплісін.
Жинадың үйге —
Ағайын-туыстарыңды,
Сендей-ақ сірә,
Қуанған шығар бір кісі,
Ал сенен асып —
Қуанғандарды кім білсін!!

Жетіге толды —
Мектепке сен де бір бардың,
Қайтадан туды —
Үстаздан сабақ тыңдар күн.
«Бес» алып келсе,
Баяғыдай-ақ қуанып,
«Екі» алса,
Кейіп,—
Өзінді-өзің «шыңдар» күн.

Жетіге толды —
Мектепке барды жалғасың.
Талпынып ұшты,
Қауырсын қанат талмасын.
Жақсылықпенен —
Жаныңа дәйім нұр құйып
Қуанышыңың толтыра берсін арнасын.
Толтыра берсін арнасын!

* * *

Кәмелетке мінекей толдың бүгін,
Азаматы елімнің болдың, күнім,
Тірлігіңде кездесер тоқсан тарау
Өкінбестей таңдай бір жолдың бірін.

Бірде — төмен,
Жүрерсің бірде — асуда,
Атаң, анаң болмайды кіл қасында
Қиналсаң да,
Тебіреніп қуансаң да
Шын дос керек сенісіп сырласуға.

Өмірді әр кез өзіңе балама тым —
Серік болсын сабырың,

қанағатың.

Біл әкеңе тікелей тиетінін
Сенің барлық —
Жаңсы атың,
Жаман атың.



СЕНСІН ЕЛІҚ

Балам!

Сен мінекей жоғары білім алдың —

Тек ойлама:

Деп енді тынығармын.

Ізденбесең, інжүін бермейді өмір

Алдыңда әлі —

Шыңдалып-шынығар күн.

Арайлаған алау нұр тақың мына,

Сындырмасын қындық сағыңды да.

Аялаған анаңдай,

Әмбе әкеңдей —

Еліце бер барыңды,

Бағыңды да.

Тірлігіңнің алда атар таңы қанша,

Мерей — Елің ерім деп тани алса.

Әке сезі —

Жадыңда сақта, балам,

Сенің бағың —

Еліңнің бағы жанса.

Өмір солай үйреткен сырын маған,

Жан-тәніңмен осыны ұғын, балам,

Елің сүйсе,

Ерсің сен еңсөң биік,

Ел сүймесе...

Атама,

Күнің қараң.

Әке сезі —

Жадыңда сақта, балам!

Жаманнан без,

Жақсыны жақта да әмән.

Ерім деп емірене сенсін елің,

Ер емес —

Ел сенімін ақтамаган.



МАЗМУНЫ

Асыл арна

Қанымда жүр	4
Ақ қайнар	6
Ұақыт сейлейді	8
Ұлы сөз	11
Жеңіс күні	13
О, туған жер	18
Сағымды далам	20
Октябрь нұры	22
Тыныштығы үшін ғаламның	27
Әділдіктің ар түй	29
Бірге үшады	31
Елімнің арманын арқалап	32
Сағындым Өрнек	33
Мерке	34
Жаңақорған	36
Дала мекен	37
Армысыңдар, Аналар	39

ҚӨҢІЛ ҚӨЗІ

Әке өснеті	42
Жеткізбейді балалық	44
Менің көңілім	48
Уақыт	49
Шаруақор жан емеспін	50
Тау жолы	52
Аққуларым-ау	53
Шәкірт сөзі	54
Ән	55
Қатардамын	56
Бір мықты бар	57
Қыран	59
Асықтым	61
Мен де өзіңдей	62
Бәйге	64
Өлең жазу	66
Бұлақтай ем	68
Өлең оқып ем	70
Ағасың әрі баласың	72
Өмірге ғашық	74
Жарасқандай	76
Жалғыз тал ақ	77
Жатсам-ау бір	78
Қалдырып жастық жағаны	79
Құмасыңа қоймайды	81
Үш асудай	83
Ойлағаным — жақсылық	86
Мен болмасам	87

Бара алмап ем	89
Мына жалпақ ғаламда	91
Жылдың төрт мезгілі	92
Үйқыңды қандырып ал	94
Мен сенемін	97
Бар болса бір ғаламат	98
«Сен қарайсың»	100

СЫР САНДЫҚ

Сен қайдасың	102
Сені көрдім	103
Сыр	105
Үйқың, жаным, қанды ма	106
Аппақ арай	108
Және де	110
Ақ түс	112
«Адамдар — көктемсіңдер»	113
Дарига-жастық	114
Түсінбедім	115
Сол ән сенбісің	117
Дала қосы	118
Қайтейін	122
Не етсем екен	123
Сені көрмесем	124
Мұңайма	125
Бақыттымыз	127
Шоқ гүл немесе ағаға наз	129

ТОСТ-ТІЛЕКТЕР

«Жаңы сез — жарым ырыс»

Той басқарушы	132
Күйеу әкесі	134
Қалыңдық әкесі	135
Күйеу анасы	137
Қалыңдық анасы	138
Күйеу жолдас	139
Қалыңдық жолдас	140
Дос тілегі	143
«Жетіге толды»	144
«Кәмелеке мінекей...»	145
Сенсін елің	146



Еслям Зикибаев

БЕЛОГРИВЫЙ РОДНИК

Стихи и баллада

(На казахском языке)

ИБ № 973

**Редактор Ж. Кыдыров. Художник С. Кунаев
Худ. редактор И. Балдано. Техн. редактор К. Тұрымбетова. Корректор Т. Абдрахманова.**

Сдано в набор 20.10.78. Подписано к печати 17.01.79. Формат
60×90 $\frac{1}{12}$. Бумага тип. № 1. Гарнитура журнально-рубленая. Пе-
чать высокая. УГ16014. 4.75 п. л. 4,48 уч.-изд. л. Тираж 7000 экз.
Заказ № 1575. Цена 55 коп.

Издательство «Жалын» Государственного комитета Казахской
ССР по делам издательств, полиграфии и книжной торговли,
480003, г. Алма-Ата, ул. Гоголя, 111. Фабрика книги производст-
венного объединения полиграфических предприятий «Кітап»
Государственного комитета Казахской ССР по делам изда-
тельств, полиграфии и книжной торговли, 480046, г. Алма-Ата,
пр. Гагарина, 93.